Историко-культурный раздел номера начинается со статьи археологов из Туркестана М.Бахтыбаева, С.Мургабаева, Б. Сиздикова и К.Арынова «*Ортағасырлық Сығанақ қаласының кесенелері*» (каз.). Изучение истории средневековых городищ Казахстана, таких, как Сауран, Сарайшык, Отрар, Сыганак, важно и необходимо для понимания этапов исторического развития Республики Казахстан и других стран Центральной Азии. Многие из этих городов были важнейшими историко-культурными центрами. Авторы статьи утверждают, что в XIII-XV вв городище Сыганак, в бассейне реки Сырдарьи, был одним из таких политических, духовных и торговых центров, позже город стал столицей Улуса Белая Орда, входившего в состав Золотой Орды, а также ханства Абулхаира и Казахского ханства. Древний Сыганак славился своими мавзолеями (захоронениями) правителей, духовных лидеров, известных личностей. Поэтому авторы статьи, используя современные археологические методы, такие, как радиоуглеродный анализ, дают анализ датировки и хронологических границ древних мавзолеев городища Сыганак.

Статья доктора исторических наук, профессора М. Елеуова и его команды (А.А.Молдахмет, М.И. Жүсіпназар) «*Ортағасырлық Ақтөбе: аңыз бен ақиқат*» (каз.) написана на стыке археологии и казахского фольклора, и посвящена она средневековому городищу Актөбе, раскопки которого верифицируют фольклорные данные. В народных преданиях Актөбе отмечается как просвещенное поселение, центр культуры, ремесленничества и образования. Современные археологические раскопки городища, проведенные указанными авторами, подтверждают эти степные легенды. Тем самым еще раз доказывается, что в эпоху средневековья в культуре казахов и других тюркских народов кочевая цивилизация сосуществовала с оседло-культурной, земледельческой.

Статья ученых из Кыргызской Республики К. Табалдыева Т. Абдиева «*О каменных изваяниях Кыргызстана в образе Умай//катун*» посвящена изучению женских каменных изваяний на территории Казахстана и Кыргызстана. Тюркские народы издревле по всей территории Степной Евразии, ценя и уважая женщин, ставили им памятники, что развеивает миф о варварском отношении кочевых народов к женщине, ее бесправном положении. Тюрки возводили каменные женские скульптуры в честь богини Умай, принцесс и цариц (катун) и даже простолюдинок. Эти скульптуры были весьма разнообразны по стилю изваяния, одежде, украшениям, головным уборам. Статья К.Табалдыева, Т. Абдиева посвящена анализу скульптуры в «трехроговом головном уборе», запечатлевшей либо катун, либо шаманку, либо Умай. Трехроговые символы были найдены авторами статьи и на других предметах: монетах, костяной пластине, камнях.

Две статьи посвящены исторической теме. В одной из них, источниковедческой, А.Ш.Махаева, Т. Маратулы «*Қарахан мемлекетінің тарихнамасында Ш.Маржанидің алатын орны*» (каз.) раскрывается роль татарского историка Ш. Марджани в

исследовании тюркского Караханидского государства в Центральной Азии на рубеже X-XII веков. Авторы статьи считают, что труды Ш. Марджани следует отнести к одним из важных источников по истории Караханидов.

Статья «Early Medieval Hungary – between East and West» (англ.) польского профессора *Tadeusz Koryś* посвящена истории венгров, их миграции с востока на запад и определения своего социополитического статуса на Западе. На протяжении столетий венгры придерживались двух тенденций: с одной стороны, сохранение своих восточных истоков, национальной идентичности и уникальной культуры, с другой – адаптация к новым социальным, ареальным и культурным условиям. Автор статьи раскрывает сложные перипетии этого дуализма и попытку венгров быть буфером между Востоком и Западом, будучи верными идеям туранства и не забывая свои восточные корни.

Раздел текстологии представлен статьей алматинских ученых, таких, как А.М. Нурбаева, Р.К. Жетібай, Е.Т. Оспанов, А.А. Найманбаев, на тему «Женские демонические образы в тюркской мифологии: роль и символика Жалмауыз кемпір, Албасты, Жезтырнак, Мыстанкемпір и Күлдіргіш». Статья привлекает высоким научно-понятийным аппаратом, использованием интегративной методологии: структурно-семиотический и гендерный анализ, культурно-антропологический подход и мифопоэтический анализ, историко-типологический и компаративный методы. В статье дается глубокий анализ мифологических женских образов в тюркской (казахской) культуре. Эти образы взяты из нарративных фольклорно-литературных текстов и сопоставляются с подобными образами в славянской культуре. Авторы статьи пытаются раскрыть универсальность мифопоэтического сознания человека, утверждая, что в современной культуре мифопоэтические традиции весьма устойчивы, ибо «они находят новое воплощение в кино, литературе, интернет-фольклоре, где продолжают выполнять функцию носителей сакрального знания, испытателей героев и проводников между мирами».

Во втором номере TSJ раздел тюркских языков представляют четыре статьи, три из которых написаны на английском языке. По своей проблематике статьи демонстрируют как диахроническое, так и синхроническое развитие тюркских языков. Анализ языка письменных памятников посвящены три статьи. Примечательна статья Z. Temirgazina, O. Andruchshenko «*Semantic and grammatical connections of the ancient Turkic word ačïŷ with the vocabulary of the Kazakh language*» (англ.). В статье сделан обширный сравнительно-семантический анализ отглагольного производного имени *ačïŷ* в текстах памятниках средневековья и современном казахском языке. В пратюркском и древнетюркском языках известны и достаточно исследованы синкретичные глагольные и именные основы (*ok, toj, soj* и т.д.). Авторы статьи утверждают мысль о синкретичности аффиксальных морфем, в частности, имен, образованных от глагола, поскольку производные слова могли иметь одни и те же морфологические характеристики и существительного, и прилагательного; более того, слабо различались словообразовательные и формо-образующие аффиксы. Заслуга авторов статьи в том, что они раскрыли многозначность, лексико-семантические варианты (ЛСВ) производящего глагола *ač*, ЛСВ производных имен *ačïŷ*, а также рассмотрели семантические трансформации слова в современном казахском языке. Многозначность производящего и производного слов в диахронии и синхронии иллюстрируются таблицами и схемами.

Семантические трансформации между историческими и современными языковыми единицами рассмотрены и в статье К.К. Кенжалина, А.С. Зинединой «*Гүлістан бит түркі» ескерткіші мәтініндегі «айт» етістігінің валенттілігі*» (каз.). Используя совре-

менные актантно-семантические структуры, авторы статьи определяют семантическую валентность глагола *ajt* в предложении, в частности, в средневековом памятнике «Гулистан бит тюрки». Оказалось, что глагол «айт» имел гораздо более широкие смысловые и синтаксические возможности в средневековом тюркском языке, чем в современном казахском языке. Таким образом, установлено сужение семантики конкретного глагола в процессе исторического развития, что можно экстраполировать на изменение глагольной семантики в целом.

Две статьи посвящены вопросам современных тюркских языков, в частности, в статье N. Buketova, A. Aratayeva, A. Amrenova «*The Evolutionary Process of Root Morphemes into Relic Morphemes in the Kazakh Language*» (англ.) освещаются проблемы структуры тюркского (в т.ч. казахского) слова, а в статье Z.B. Kulmanova из США на тему «*Linguosynergetic features of the concepts of “blessing” and “curse”*» (англ.) анализируются лексемно-эмотивы с использованием современных концептуально-семантических теорий.

Завершает второй номер журнала обзорная рецензия казахстанских и российских ученых М.К. Хабдулиной А.Н. Свиридова, Т.В. Кошман «К истокам национальной истории Казахстана» (рус.) на монографию А.С. Ганиевой «*Век археологии в научном наследии К.А.Акишева*». Труды Института археологии им. А.Х. Маргулана. Т. VII. Монография. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2024. 216 с. Монография написана в честь 100-летнего юбилея К.А.Акишева и интересна для археологов, историков, культурологов, тюркологов – гуманитариев. В монографии изложены основные вехи развития казахстанской археологии XX века, фрагменты биографии, а также научная деятельность Кималия Акишева, одного из известных археологов Центральной Азии. К.Акишев, ученый-археолог, открытие и исследования Золотого сакского воина, на века прославили Республику Казахстан.

Н.Г. Шаймердинова,
доктор филологических наук, профессор;
заместитель редактора *Turkic Studies Journal*



HISTORICAL-CULTURAL FIELD/ ТАРИХИ-МӘДЕНИ БАҒЫТ/
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

*Medieval History (Archeology)/ Ортағасырлық тарих (археология)/
Средневековая история (археология)*

Article

Ортағасырлық Сығанақ қаласының кесенелері¹

М. Бахтыбаев^a, *С. Мургабаев^b, Б. Сиздигов^c, Қ. Арынов^d

^aҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Археология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан Республикасы
(E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)

^bҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Археология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан Республикасы
(E-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz). * Байланыс үшін автор: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz

^cҚожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Археология ғылыми-зерттеу институты, Түркістан, Қазақстан Республикасы
(E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)

^dӘл-Фараби атындағы Қазақ Ұлтық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: kuanyshe.arynov@ayu.edu.kz)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:

Сығанақ,
ортағасырлық
қала, кесене,
сәулет
ескерткіші,
жерлеу
дәстүрі, қыш
қаптама, қазба,
кесік, қорым,
археология.

МРНТИ 03.41.91

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-26-43>

Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық некрополдерді зерттеу археология ғылымының назарынан тыс қалмаған. XX ғ. осы өңірдегі кесенелерде ізденіс жұмыстарын В.А. Каллаур, А.Ю. Якубовский, С.П. Толстов, С.Е. Ажигали, К.М. Байпақов, М. Елеуов, С.Ж. Жолдасбаевтар жүргізіп, зерттеген. Соңғы жылдары ортағасырлық Сығанақ қаласындағы архитектуралық ескерткіштерде жүргізілген зерттеулер кесенелердің планиграфиялық, конструкциялық және сәулеттік безендірілуінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Ортағасырлық жазба деректерде «кесенелі қала» деген атпен белгілі Сығанақ – Сырдарияның орта ағысында орналасқан ірі саяси, рухани және сауда орталығы, ал XIII-XV ғғ. Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) құрамына кірген Ақ Орда ұлысы, Әбілқайыр хандығы мен Қазақ хандығының астанасы болған. Сондықтан осы жерде жергілікті билеушілер, дін өкілдері, белгілі тұлғалар мен игі жақсылардың жерленуі, олардың басына зәулім кесенелер тұрғызу заңды құбылыс болып табылады.

Мақала ортағасырлық Сығанақ қаласының негізгі қамалының сыртында орналасқан, әр кезеңде жүргізілген, жалпы саны жеті

¹Мақала №AP26104363 «Ортағасырлық Сығанақ қаласының некрополінде кешенді археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу» атты ғылыми жоба аясында дайындалған.

кесененің мерзімдік шекаралары мен құрылыстардың архитектуралық сипаттамасы, оның жоспары, өлшемдері және ерекшеліктерін талдау мәселесіне арналған. Зерттеу барысында бастапқы деректанулық өңдеу – толық сипаттау және деректерді жүйелеу жұмыстары атқарылды. Кесенелер күйдірілген кірпіштен тұрғызылған (тек қана №4 кесененің ішкі бөлігі қам кірпіштен қаланған), сырты өрнектелген терракоталық және бояулы қаптама қыштармен безендірілген порталды-күмбезді ғимараттар болып табылады. №1, №3, №5, №7 кесенелерде мүрделер сағана-цисталар мен қабір шұңқырларда, ал №4 және №6 кесенелерде әулеттік сағанада жерленген. Мәйіттердің барлығы мұсылмандық жерлеу рәсімін сақтай отырып қойылған, №3, №4, №5, №6, №7 кесенелерде солтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс бағытта, ал №1 кесенеде – солтүстік-оңтүстік бағытта шалқасынан жатқызылған. №3, №5, №7 кесенелердегі жерлеу орындарында табылған темір шегелер мен ағаш бөлшектері мәйіттердің ағаш табыттарда жерленген болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Зерттеу радиокөміртекті талдау нәтижелерімен үйлестіре отырып, кесенелер құрылысының сәулеттік ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізіп, кесенелер құрылысының хронологиялық шекарасын белгілеуге мүмкіндік берді. №5 кесене XIV ғ. екінші жартысы, №6 кесене XV ғ. бірінші жартысы, №7 кесене XIV ғ. бірінші жартысымен, №1, №3 кесенелер XIV ғ., №4 кесене XIV-XV ғғ. мерзімделінеді.

М. Bakhtybayev^a

*^aResearch Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International
Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
(E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)*

***S. Murgabayev^b**

*^bResearch Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International
Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
(E-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz)*

**Corresponding author: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz*

В. Sizdikov^c

*^cResearch Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International
Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
(E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)*

Received 20 April 2025. Revised 20 April 2025. Accepted 14 May 2025. Available online 30 June 2025.

Дәйексөз үшін: Л.М. Бахтыбаев, С. Мургабаев, Б. Сиздигов, Қ. Арынов Ортағасырлық Сығанақ қаласының кесенелері // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 2. 26-43 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-26-43>



For citation: M. Bakhtybayev, S. Murgabayev, B. Sizdikov, K. Arynov The Mausoleums of Medieval Syganak // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 2. P. 26-43. DOI:<http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-26-43>

K. Arynov^d

*^dal-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: kuanysh.arynov@ayu.edu.kz)*

The Mausoleums of Medieval Syganak

Abstract. The study of medieval necropolises in the middle and lower reaches of the Syr Darya River has long been a central focus of archaeological research. In the 20th century, the region's mausoleums in the region were investigated by scholars including V.A. Kallaur, A.Yu. Yakubovsky, S.P. Tolstov, S.E. Azhigali, K.M. Baipakov, M. Eleuov, and S.Zh. Zholdasbayev. Recent investigations of the architectural monuments of medieval Syganak have revealed unique spatial layouts, structural designs, and decorative elements of its mausoleums.

Syganak, referred to in historical sources as the 'city of mausoleums,' was a major political, spiritual, and commercial center in the middle Syr Darya region. Between the 13th and 15th centuries, it served successively as the capital of the White Horde, a constituent of the Great Ulus (Golden Horde), the Abulkhair Khanate, and the Kazakh Khanate. Unsurprisingly, rulers, spiritual leaders, and prominent figures were buried here, with monumental structures erected over their graves.

This article examines the dating and characteristics of seven mausoleums in medieval Syganak. A comprehensive review of available sources was conducted, including detailed descriptions and systematic data analysis. The mausoleums are portal- domed structures built of fired brick, with the interior walls of Mausoleum No. 4 constructed from adobe. They are decorated with carved terracotta and glazed tiles. Burials in Mausoleums Nos. 1, 3, 5, and 7 were placed in crypts, while Mausoleums Nos. 4 and 6 contained family crypts. Islamic burial rites were observed: the deceased were oriented northwest-southeast in Mausoleums Nos. 3, 4, 5, 6, and 7, and north-south in Mausoleum No. 1. The discovery of iron nails in Mausoleums Nos. 3, 5, and 7 suggests the use of wooden coffins.

The study includes a comparative analysis of the architectural features of the mausoleums, supported by radiocarbon dating. The results establish the following chronological framework: Mausoleum No. 5 dates to the late 14th century; No. 6 to the early 15th century; No. 7 to the early 14th century; Nos. 1 and 3 to the 14th century; and No. 4 to the 14th–15th centuries.

Keywords: Syganak, medieval settlement, mausoleum, architectural monument, burial rite, glazed tiles, excavation, section, necropolis, archaeology.

М. Бахтыбаев

*^aНаучно-исследовательский институт археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан
(E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz)*

***С. Мургабаев**

*^bНаучно-исследовательский институт археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан
(E-mail: sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz)*

*Автор для корреспонденции: sagynbay.murgabayev @ayu.edu.kz

Б. Сиздииков

^cНаучно-исследовательский институт археологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан
(E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)

К. Арынов

^dКазахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: kuanyshe.arynov@ayu.edu.kz)

Мавзолеи средневекового города Сыганак

Аннотация. Изучение средневековых некрополей среднего и нижнего течения р. Сырдарья всегда было в центре внимания археологической науки. В XX в. мавзолеи этого региона исследовали В.А. Каллаур, А.Ю. Якубовский, С.П. Толстов, С.Е. Ажигали, К.М. Байпаков, М. Елеуов, С.Ж. Жолдасбаев. Исследования архитектурных памятников средневекового Сыганак, проведенные в последние годы, позволили определить своеобразную планиграфию, конструкцию и архитектурный декор мавзолеев. Сыганак, известный из письменных источников как «город-мавзолеев», являлся крупнейшим политическим, духовным и торговым центром в среднем течении реки Сырдарья, в XIII–XV вв. город был столицей Улуса Белая Орда, входившего в состав государства Великий Улус (Золотая Орда), ханства Абулхаира и Казахского ханства. Закономерным является то, что здесь похоронены правители, духовные лидеры и известные личности, над могилами которых возведены монументальные сооружения.

Статья посвящена анализу и вопросам датировки семи мавзолеев средневекового города Сыганак. В ходе исследования был проведен первичный источниковедческий обзор – полное описание и систематизация данных. Мавзолеи представляют собой портално-купольные сооружения, построенные из жженого кирпича, облицованные резной терракотой и глазурованными плитками различных форм. Стены мавзолея №4 имеют комбинированную кладку. В мавзолеях № 1, № 3, № 5, № 7 захоронения произведены в склепах-цистах, а в мавзолеях № 4, № 6 в семейных склепах. Погребения произведены по мусульманскому обряду, в мавзолеях № 3, № 4, № 5, № 6, № 7 погребенные располагались по направлению северо-запад, юго-восток, а в мавзолее №1 по направлению север - юг. Железные гвозди из раскопок в мавзолеях № 3, № 5, № 7 дают основание предполагать, что погребения производились в деревянных гробах.

В исследовании проведен сравнительный анализ архитектурных особенностей конструкции мавзолеев в совокупности с результатами радиоуглеродного анализа. Результаты радиоуглеродного анализа позволили установить хронологические границы возведения мавзолеев. Таким образом, мавзолеев № 5 датируется второй половиной XIV в., мавзолеев № 6 первой половиной XV в., мавзолеев № 7 первой половиной XIV в., мавзолеи № 1, № 3 XIV в., а мавзолеев № 4 датируется XIV-XV вв.

Ключевые слова: Сыганак, средневековое городище, мавзолеев, архитектурный памятник, ритуал захоронения, облицовочная плитка, раскоп, разрез, некрополь, археология.

Кіріспе

Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық ірі орталықтардың бірі ретінде танылған Сығанақ қаласы ерте заманнан-ақ мәдениеті мен экономикасы, қолөнері мен саудасы, егіншілігі мен мал шаруашылығы қатар дамыған Сырдарияның орта ағысындағы маңызды қалалардың бірі болды. Қала XI-XII ғасырларда Қыпшақ хандығының орталығы, XIII-XV ғасырларда Ақ Орданың, XV ғасырдың орта тұсында Әбілқайыр хандығының, XV ғасырдың соңғы ширегі – XVI ғасырдың басында Қазақ хандығының астанасы болған. Ол Сырдарияның орта ағысындағы маңызды орталықтардың бірі болғандықтан, XIV-XVII ғасырлар аралығында аймақты билеген хандар мен сұлтандардың, атақты ғұламалар мен тұлғалардың қала маңындағы қорымда жерленгендігі белгілі (Kozha et al., 2021: 900-901). Париждегі қолжазбаларды зерттеген жапондық ғалым Х. Нагаминэ «Сығанақ қаласында XIV-XVII ғасырлар аралығында көптеген хандар мен сұлтандардың жерленгендігін, бұл қаланың «кесенелер қаласы» ретінде танылғандығын» өз еңбегінде баяндайды. Сонымен қатар қалада жерленген бабаларының қорымын қайтару үшін Орыс ханның ұрпақтары Шайбанилер әулетімен XV ғасырдың соңына дейін күресіп, қаланы өз қарамағына алғандығы жайында деректер келтіреді (Нагаминэ, 2020: 533-551). Бұл деректерден XIV-XVII ғасырларда қала маңында көптеген хандар мен сұлтандардың жерленгендігін негізге ала отырып, қаланың Сырдарияның орта ағысындағы қасиетті, рухани орталықтардың бірі болғандығын аңғаруға болады.

«Кесене» сөзінің түркі және кавказ халықтарында әртүрлі нұсқалары кездеседі. Мәселен, ортағасырлық қыпшақтар – «кезене», қарашайлар – «кешене», қырғыздар – «касана», ал ингуштар мен шешендер – «каши» деп атаған. В.В. Радлов «кесене» сөзінің мағынасына алғашқылардың бірі болып талдау жасап, тарихи деректерде кездесетін «кәсәнә» сөзін «кесене» сөзімен баламалап, бұл сөздің «оба үйіндісі» немесе «оба» деген мағынаны білдіретіндігін тілге тиек етеді (Радлов, 1899: 1174). В.В. Бартольд болса «касана», яғни «кесене» сөзіне талдау жасап, бұл сөздің «марқұмның үйі» деген мағынаны білдіретіндігін, оның қазақтар арасында әлі күнге дейін қолданылатындығын баяндай отырып, бұған Сығанақ қаласының маңындағы Төменарық станциясынан 4–5 км қашықтықта орналасқан «Көк кесенені» дәлел ретінде келтіреді. Яғни, «кесене» сөзінің қазақтар арасында осы күнге дейін қолданыста екендігін баяндайды. Сонымен қатар қыпшақ тіліндегі «кезене» сөзі қазақ тілінде өзгеріске ұшырап, «кесене» ретінде қолданысқа енген болуы мүмкін деген тұжырым жасайды (Barthold, 1947: 519). Жоғарыда аты аталған ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып «кесене» сөзінің XIII–XIV ғасырларда қолданысқа еніп, әлі күнге дейін өзгеріске ұшырамағандығы жүргендігі анықталды.

Осы деректерді археологиялық зерттеулер де дәлелдей түседі. Соңғы жылдарда жүргізілген зерттеулер барысында Сығанақ қаласының рабад бөлігінде орналасқан қорымнан 7 кесене және қаладан 10 км оңтүстік-шығыста, Қожамберді ауылының жанында орналасқан қорымда 1 кесене орны зерттелді.

Зерттеудің негізгі мақсаты Сығанақ қаласында орналасқан ортағасырлық кесенелер жайлы деректерді сараптау және ғылыми айналымға енгізу болып табылады.

Материалдар және зерттеу әдістері

Сығанақ қаласында орналасқан кесенелерді кешенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ғимарат құрылымы мен тарихи-мәдени маңыздылығын ашу үшін археология ғылымының дәстүрлі әдістері қолданылды. Ескерткіштерді жан-жақты

сипаттау, топографиясы мен жоспарын сараптау жұмыстары нысандарды толыққанды зерттеуге мүмкіндік берді. Нысандарды мерзімдеу мақсатында салыстырмалы-типологиялық әдіс қолданылды. Сонымен қатар сағаналарда жерленген адам қаңқаларына антропологиялық зерттеулер жүргізіліп, бұл олардың жынысын, жасын анықтауға мүмкіндік берді.

Кесенелердің салыну мерзімін нақтылау мақсатында радиокөміртекті мерзімдеу әдісі қолданылды. Зерттеулер Single stage accelerator mass spectrometer (SSAMS, NEC, USA), Automated Graphitization Equipment AGE-3 (IonPlus AG) спектрометрiнiң көмегімен Вильнюс қаласында (Литва) орналасқан Физикалық ғылымдар және технологиялар орталығының масс-спектрометрия зертханасында (1 кесте) (Воякин және т.б., 2025: 295-301) және Гебзе қаласында (Түркия) орналасқан «TÜBİTAK MARMARA» зерттеу орталығының зертханасында «National Electrostatics Corporation, Model 3SDH-1 (UAMS)» қондырғысының көмегімен жасалынды (2 кесте).

Ортағасырлық Сығанақ қаласы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сунақата ауылынан 2 км батыста, Самара-Ташкент тас жолының оң жағында орналасқан.

1-кесте – Кесене №1,4,5. Радиокөміртекті мерзімдеу нәтижелері

Үлгі	Зертханалық нөмірі	C14 жасы, калибрленбеген, жыл бұрын	pMC (қазіргі көміртектің пайыздық көрсеткіші)
Sygnak mavz. №1, rog. № 13	FTMC-UP42-3	1211 ± 28	86.00 ± 0.30
Sygnak mavz. № 4	FTMC-UP42-2	204 ± 29	97.49 ± 0.36
Sygnak mavz. № 5	FTMC-UP42-4	639 ± 28	92.35 ± 0.32

2-кесте – Кесене №6,7. Радиокөміртекті мерзімдеу нәтижелері.

Зертхананың инвентарлық нөмірі	Экспедицияның инвентарлық нөмірі	C14 жасы	Үлгі түрі	Өлшеу күні
TÜBİTAK-2553	KKT6-K1	588 ± 25	сүйек	16.01.2023
TÜBİTAK-2554	KKT7-A1	786 ± 24	көміртекті материал	16.01.2023

2019 жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Халықаралық ортаазиялық зерттеулер институты (Самарқанд қ.) арасында жасалған меморандум негізінде Халықаралық қазақ-өзбек археологиялық экспедициясы (жетекшілері А. Искандерова мен М. Бахтыбаев) № 1 және № 3 кесенелерді қайта зерттеп, № 4 және № 5 кесенелердің орындарын қарастырды. Сонымен қатар, 2022 жылы Сығанақ археологиялық экспедициясы (жетекшісі Б. Сиздилов) № 6 және № 7 кесенелерді зерттеді.



Тақырыптың зерттелу дәрежесі

№ 1 кесене (Шаршы кесене). Кесене Сығанақ қаласының шахристанынан солтүстікке қарай 200 м жерде, рабадаумағында орналасқан. 2003 жылы Ахмет Ясауи университетінің Сығанақ археологиялық экспедициясы (жетекшісі С. Жолдасбаев) батыстан шығысқа қарай созылып жатқан, ұзындығы 78 м, ені 30–33 м, биіктігі 2 м болып келген төбенің орталық бөлігінде қазба салып, № 2, 3, 4 бөлмелер мен № 1 бөлменің солтүстік бөлігін ашты. Тоғыз жерлеу орны анықталды, алайда олар ашылмады (Жолдасбаев, 2004)².

2019 жылы №1 кесенеде қайта зерттеу жұмыстары жүргізіліп, кесене толығымен ашылды (сур. 1, 1). Кесене көлемі 12,0 × 12,3 м, жобасында төртбұрышты болып келген.


Ал порталын қосқанда, ұзындығы – 14,3 м. Кесененің қабырғалары ірі тастардан қаланған іргетас үстіне тұрғызылған. Кесененің барлық қабырғалары бүтін және сынған күйдірілген кірпіштен көтерілген. Еденіне қырымен тігінен қойылған күйдірілген кірпіштер төселген, көлемдері – 26 × 26 × 5 см. Кесене ішіне кейінгі кезде салынған бөлмеаралық қабырғалар ғимараттын ішін бес бөлмеге бөліп тұр. Бұл ішкі қабырғалар кесененің сыртқы қабырғаларының қаландысымен байланысып тұрған жоқ, яғни кесене алғашында үлкен бір бөлмелі болған. Уақыт өте келе қосалқы ішкі қабырғалар тұрғызылған.

Сыртқы қабырғаларды салу кезінде өлшемі 26 × 26 × 5 см болатын күйдірілген кірпіш пайдаланылған. Сонымен қатар, кейінгі жөндеу жұмыстары жүргізілген кезінде өлшемі 40 × 20 × 5 см, 40 × 20 × 7 см, 30 × 30 × 5 см болатын әртүрлі пішіндегі кірпіштер қолданылған (Бахтыбаев және т.б., 2019: 51-80)³. Қазба барысында 20 жерлеу орны ашылды. Кесене порталы және кіретін есігі оңтүстікте орналасқан. Кесененің № 3, № 4 бөлмелерінде ашылған жерлеу орындарының үстіне күйдірілген кірпіштен төртбұрышты пішіндегі құлпытас белгісі орнатылған.



² Жолдасбаев С., Нурханов Б., Әбсадық Ж., Өтеген Ж., 2004. Сығанақ археологиялық экспедициясының 2004 жылы Жанақорған ауданындағы Сығанақ қаласында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының есебі. Түркістан. 76 б. / АҒЗО архиві.

³ Бахтыбаев М.М., Искандерова А., Жетибаев К.М., Мургабаев С.С., Арынов К.С., Торежанова Н.Ж., 2019. Отчет о научно-исследовательской работе по итогам 2019 года, выполненной в рамках программы Министерства иностранных дел РК по теме «Археологические исследования некрополя средневекового городища Сыгнак». Туркестан. 231 с. // Архив НИЦ Археологии.



1-сурет. 1 – № 1 кесене; 2 – №3 кесене; 3 – № 4 кесене. Қазбадан кейінгі көрінісі және жоспары (фотосуреттер авторлардыкі, жоспарлар А. Акулов және Д. Захаровтікі).

Мәйіттердің барлығы солтүстіктен оңтүстікке қарай бағытталып, шалқасынан қойылған, екеуі оң жағымен жерленген, бастары солтүстік, жүздері батысқа немесе жоғарыға қаратылған.

№ 2 кесене Сығанақ қаласының шахристанынан шығысқа қарай 150 метр жерде орналасқан. 2011 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында кесененің жоғарғы бөлігі ашылды. Кейінгі кезеңдегі жерлеу орындарынан көптеп заттар табылуына байланысты зерттеу жұмыстары толық аяқталмады.

№ 3 кесене (Батыс кесене). Кесене Сығанақ қаласының шахристанынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 км жерде, Ташкент-Самара тас жолынан 150 м солтүстікте орналасқан. 2011 жылы Батыс Қытай–Батыс Еуропа тас жолын салу кезінде кесенеде зерттеу жұмыстары жүргізілді. Кесене орналасқан жердің айналасынан жолды салуға топырақтар алынып, тек кесене орналасқан жерді қалдырған. Қазба барысында кесене қабырғалары ашылып, зерттелді. Көлемі 10×8 м, порталды күмбезді ғимарат. Қабырғалары күйдірілген кірпіштен көтерілген, көлемдері 25×25×5 см. Кесененің порталы солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Есіктің ені – 1,2 м. Кесененің ішкі жағында бес жерлеу орны анықталды, оның екеуі ашылды (Байпаков и др. 2014: 46).

2019 жылы № 3 кесенеде қайта зерттеу жұмыстары жүргізіліп, кесененің ішкі бөлігінен қабір шұңқырлардың орны анықталды. Жерлеу шұңқырларының жоғары бөлігінен оның үстін жабуға арналған күймеген кірпіш фрагменттері табылды. Кесенеден жерлеу шұңқырларына жерленген 7 адам қаңқасы және ғимараттың солтүстік-шығыс бұрышынан толық сақталмаған жас баланың қаңқа сүйегі және кесене сыртында 1 қаңқа ашылды (сур. 1, 2).

Жерлеу орындарының барлығы батыс бағытында қойылған. Жерленген тоғыз адамның бесеуі тік қабырғалы, қарапайым тікбұрышты шұңқырларда, екеуі қабырғасы күйдірілген және күйдірілмеген кірпіштермен қаланған тікбұрышты шұңқырларда, біреуі кесененің сыртында, жер үстінде күйдірілмеген кірпіштен қаланған сағанада жерленген. № 1, 2, 4 жерлеу орындарында ағаш табыттардың қалдықтары мен тот басқан шегелер сақталып қалған (Бахтыбаев және т.б., 2019: 81-98)⁴.

№ 2 және № 4 жерлеу орындарынан бағалы металдардан жасалған әшекейлер – сырғалар, бойтұмар, түймелер және темір бұйымдар табылды.

№ 4 кесене (Батыр ата (Бала әулие) кесенесі). Кесене Сығанақ қаласының солтүстік-шығыс қақпасынан оңтүстік-шығысқа қарай 0,5 км жерде, рабад аймағында орналасқан.


Зерттеу жұмыстары 2019 жылы жүргізілді. Кесене көлемі – 9×9 м, қабырғалары $25 \times 25 \times 5$ см көлемді күйдірілген кірпіштен өрілген. Кесененің порталы солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Негізгі есігінен бөлек, солтүстік-шығыс жағында шағын тағы бір есігі болған; бұл есік кесене ішінде орналасқан сағанаға кіруге арналған (сур. 1, 3). Кесененің қабырғаларының ішкі және сыртқы қатары күйдірілген кірпіштен, ал ортасы күйдірілмеген кірпіштен өрілген.

Кесененің ішкі бөлігінде, сағанадан тыс жерде жерленген алты адам қаңқасы анықталды. Бір ересек адамның және бес жас баланың қаңқа сүйектері ашылды. Кесененің оңтүстік-шығыс бөлігінде күйдірілген кірпіштен (көлемі $25 \times 25 \times 5$ см) салынған сағана құрылысы ашылды, оның өлшемі – $3,5 \times 2,2$ м, биіктігі – 1,5 м. Әулеттік сағанаға кіретін есігі солтүстік-батыс жағында орналасқан, биіктігі – 1,0 м, ені – 0,8 м. Сағананың ішінде бес ересек адамның қаңқасы ашылды. Жерленгендердің барлығы солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытында, шалқасынан қойылған, бастары солтүстік-батысқа, жүзі оңтүстік-батысқа қаратылған (Бахтыбаев және т.б., 2019: 15-31)⁵.


№ 5 кесене (Белгісіз кесене). Кесене Сығанақ қаласының солтүстік-шығыс қақпасынан оңтүстікке қарай 0,5 км жерде, рабад аймағында орналасқан. Зерттеу жұмыстары 2019 жылы жүргізіліп, кесененің тек солтүстік-шығыс портал қаландысының төменгі қабаттары ашылды (солтүстік және шығыс бұрыштары). Кесене ішінде бес жерлеу орны анықталды. Төрт ересек адамның және бір жас баланың қаңқа сүйектері ашылды. Кесененің оңтүстік-батыс бөлігінде күйдірілген кірпіштен салынған екі сағана-циста және бір шағын сағана-циста құрылысы ашылды, олардың өлшемдері – $2,3 \times 1,07$ – $1,2$ м, $2,5 \times 1,4$ – $1,55$ м және $1,05 \times 0,89 \times 0,26$ м (сур. 2, 1).

⁴ Бахтыбаев М.М., Искандерова А., Жетибаев К.М., Мургабаев С.С., Арынов К.С., Торежанова Н.Ж., 2019. Отчет о научно-исследовательской работе по итогам 2019 года, выполненной в рамках программы Министерства иностранных дел РК по теме «Археологические исследования некрополя средневекового городища Сыгнак». Туркестан. 231 с. // Архив НИЦ Археологии.


⁵ Бахтыбаев М.М., Искандерова А., Жетибаев К.М., Мургабаев С.С., Арынов К.С., Торежанова Н.Ж., 2019. Отчет о научно-исследовательской работе по итогам 2019 года, выполненной в рамках программы Министерства иностранных дел РК по теме «Археологические исследования некрополя средневекового городища Сыгнак». Туркестан. 231 с. // Архив НИЦ Археологии.



1



2



3

2-сурет. Қазбадан кейінгі көрінісі, жоспары: 1 – № 5 кесене; 2 – № 6 кесене; 3 – № 7 кесене.
(фотосуреттер авторлардыкі, жоспарлар Д. Захаров және Б. Сиздигов бойынша).

Жерленгендердің барлығы солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытында, шалқасынан қойылған, бастары солтүстік-батысқа, жүздері солтүстік-шығысқа немесе жоғарыға қаратылған.

Сағана-циста қабырғалары мен үсті күйдірілген кірпіштен өрілген, оның ішінде ересек адамның қаңқасы ашылды. Бірінші сағана-цистадағы қаңқа солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытында, шалқасынан қойылған, басы солтүстік-батысқа, жүзі жоғарыға бағытталған. Екінші сағана-цистадағы қаңқа солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытында, шалқасынан қойылған, басы солтүстік-батысқа, жүзі солтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Шағын сағана-цистада жас баланың қаңқасы қайта жерленген (Бахтыбаев және т.б., 2019: 32-50)⁶.

Кесененің абсолюттік хронологиясын анықтау мақсатында жасалынған С14 сараптамасының қорытындысы бойынша кесене 639 ± 28 жыл бұрынғы уақытпен, яғни XIV ғасырдың екінші жартысымен мерзімделеді (1-кесте).

№ 6 кесене. Кесене Сығанақ қаласының оңтүстік-батысынынан 230 м қашықтықта орналасқан. Кесене көлемі – $16,5 \times 8,6$ м, екі бөлмелі порталды-күмбезді ғимарат (6-сурет). Кесененің порталды кіреберісі солтүстік-батысқа қарай орналасқан, есік ені – 3 м (сур. 2, 2).

Кесененің кіреберіс бөлмесінің ішкі көлемі – $5,3 \times 4,1$ м, еденіне 20 см қалыңдықта ашық сарғыш түсті саз балшық құйылған. Кесененің бірінші және екінші бөлмелерін ені 1,3 м болып келетін күйдірілген кірпіштен қаланған қабырға бөліп тұр, оның ортасы топырақпен толтырылған. Екінші бөлмеде әулеттік сағана құрылысы болған тәрізді, оған кіретін есік қабырғаның орта тұсында орналасқан, ені – 1 м, сақталған биіктігі – 0,4 м. Оның ішкі бөлігінің көлемі – $4,3 \times 2,65$ м, қабырғалары 1,7 м қалыңдықта күйдірілген кірпішпен қаланған. Зерттеу жұмыстары барысында сағананың солтүстік-батыс бұрышынан ретсіз орналасқан адам сүйегі анықталды. Сағана еденіне тұтастай күйдірілген кірпіш төселген және оның беті және қабырғалары гипспен сыланған. Күйдірілген кірпіштердің көлемі – $25 \times 25 \times 5$, $26 \times 26 \times 5$ см (Sizdikov et al. 2023: 136-137).

Кесененің абсолюттік хронологиясын анықтау мақсатында жасалынған С14 сараптамасының қорытындысы бойынша кесене 588 ± 25 жыл бұрынғы уақытпен, яғни XV ғасырдың алғашқы жартысымен мерзімделеді (2-кесте).

№ 7 кесене. Кесене Сығанақ қаласының оңтүстік-шығысынан 1,4 км қашықтықта орналасқан. Қазба жұмыстары барысында көлемі $12,2 \times 10,1$ м төртбұрыш пішінді кесене орны ашылды. Кесене ұзындығы 22,2 м, ені 16,7 м, биіктігі 0,3–0,4 м. болып келетін платформаның үстіне салынған. Сақталған қабырғаларының биіктігі – 0,1–0,6 м, ені – 1,55 м, қыштардың көлемі – $24 \times 24 \times 5$ см, $25 \times 25 \times 5$ см. Кесененің порталы оңтүстік-батысқа бағытталған. Портал алдындағы сақталған алаң еденінің $10,1 \times 3,15$ м аумағына және кесененің ішіндегі 7×7 м жерге күйдірілген қыш төселген. Кесене есігінің ені – 1,45 м. Кесененің солтүстік-шығыс бөлігінен үш жерлеу орны анықталды (сур. 2, 3). Жерлеу орындары оңтүстіктен солтүстікке қарай шартты түрде № 1, № 2, № 3 сағана-циста болып белгіленді. Жерлеу орындарының барлығы солтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс бағытында орналасқан. Ұзындықтары – 2–2,65 м, ендері – 0,4–1,0 м, тереңдіктері – 0,5 м. Сағана табанына көлемі $24 \times 24 \times 5$ см күйдірілген қыштар жалпағынан төселген, төрт қапталдары 0,5 м биіктікке дейін күйген қыштан

⁶ Бахтыбаев М.М., Искандерова А., Жетибаев К.М., Мургабаев С.С., Арынов К.С., Торежанова Н.Ж., 2019. Отчет о научно-исследовательской работе по итогам 2019 года, выполненной в рамках программы Министерства иностранных дел РК по теме «Археологические исследования некрополя средневекового городища Сыгнак». Туркестан. 231 с. // Архив НИЦ Археологии.

қаланып, беті қышты тігінен қиюластыра қалау арқылы жабылған. Анықталған қаңқалар анатомиялық тәртіппен – шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік-батысқа бағытталып, беті оңтүстік-батысқа қаратылған, екі қолы және екі аяғы тігінен ұзына бойы орналасқан (Sizdikov et al. 2023: 13-140).

Жерлеу орындарындағы бос топырақты тазалау барысында темір пышақ, темір таға, сүйектен жасалған әшекей бұйым, «Т» пішінді қола бұйымдар, темір шегелер, қола айна және сүйектен жасалған тарақ табылды. Кесенені қыш құландыларынан тазалау барысында әр түрлі өрнектегі сырлы және сырсыз қыш қаптамалар табылды. Қыш қаптамалардың жиырма екі түрі анықталды. Сонымен қатар әртүрлі көлемдегі күмбезге өрілген көк түсті қыш қаптамалар табылды. Кесененің орта тұсынан күмбез төбесіне қойылған құбба сынықтары да кездесті.

Кесененің абсолюттік хронологиясын анықтау мақсатында жасалынған С14 сараптамасының қорытындысы бойынша кесене 786 ± 24 жыл бұрынғы уақытпен, яғни ХІІІ ғасырдың бірінші жартысының соңы мен екінші жартысының басымен мерзімделеді (2-кесте).

Талдау

Кесенелердің құрылымы және қазба барысында табылған жәдігерлер, сонымен қатар, алынған сынамалардың нәтижелері құрылыстардың салыну мерзімін нақтылауға мүмкіндік берді.

Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы кесенелер жоба байынша төртбұрышты және тік төртбұрышты бір және екі бөлмелі порталды-күмбезді ғимараттар болып келеді.

№ 1, 4 кесенелердің аркасының пилон қабырғалары негізгі қабырғадан алдына қарай 2 м шығарып өрілген. Жобасында төртбұрышты № 1 кесене көлемі – $12,3 \times 12,0$ м, ал № 4 кесене – 9×9 м. Пилонмен жалпы №1 кесененің көлемі – $14,3 \times 12,0$ м, № 4 кесене – 11×9 м.

№ 3, 6, 7 кесенелердің порталы мен негізгі қабырға тұтас өрілген, жобасында тік төртбұрышты № 3 кесене көлемі – 10×8 м, № 6 кесене – $16,5 \times 8,6$ м, № 7 кесене – $12,2 \times 10,1$ м. № 5 кесененің тек бір бөлігі сақталғандықтан, оның нақты көлемін анықтау мүмкін болмады. Сақталған солтүстік-шығыс бұрыш қабырға бөлігіне қарай, № 5 кесене порталы мен негізгі қабырға тұтас өрілген, жобасында тік төртбұрышты болуы мүмкін.

Кесенелердің негізгі есіктерінің орналасуы әр түрлі. № 1 кесененің порталы мен есігі оңтүстік жағында, ал № 3, № 5 кесенелердің есігі солтүстік-шығыста, № 4, № 6 кесенелердің порталы солтүстік-батыста.

Кесене ішіндегі қаңқалар сағана-цисталарда, әулеттік сағаналарда және қабір шұңқырларда жерленген. Сағана-цисталарда бір адам жерленген болса, әулеттік сағаналарда бірнеше адам жерленген. № 1, № 3, № 5, № 7 кесенелерде сағана-цисталар мен қабір шұңқырларда, ал № 4 пен № 6 кесенелерде әулеттік сағанада жерленген.

Барлық кесенелер күйдірілген кірпіштен салынған, қабырғалары өсімдік суреті салынған терракоталармен және бояулы қаптама қыштармен қапталған.

№ 1, № 5, № 7 кесенелердің жерлеу камераларының құрылымы бірдей, осыған ұқсас жерлеу орындары Арал ауданында орналасқан Кердері кесенесі (Воякин және т.б., 2017: 3-76)⁷ мен ортағасырлық Қарашық қаласының рабад аумағында орналасқан кесенеде

⁷ Воякин Д.А., Байпаков К.М., Хабибуллаев Ф.Ф., Мусаипов Д., Кузьминова А.В., Китов Е.П., 2017. Отчет о научно-исследовательской работе по теме: Археологические исследования на мавзолее Кердери Аральского района Кызылординской области (заключительный). Алматы. 76 с.

кездеседі (Елеуов, Қалиев және т.б., 2005)⁸. Кесенеде анықталған жерлеу орындары XII–XIV ғғ. кеңінен таралған сағана-цисталар болып табылады. Сағананың қабырғалары қышпен өріліп, төбесі «ромб» үлгісінде тік қойылған үш қатар күйдірілген кірпіштен қаланған. Қабырғалары мен төбелері шикі кірпіштен қаланған осындай жерлеу орындары Құйрықтөбе елді мекенінің жанындағы алғашқы мұсылман қорымдарынан табылған «сағаналарға» (Нұрмұханбетов, 1974: 85-94) ұқсас. Сондай-ақ, Қызылөзен елді мекенінде X–XII ғасырларға жататын, төбесі тігінен қойылған екі қатар кірпіштен қаланған жерлеу камерасы анықталған (Кожемяко 1967: 82-83). Сонымен қатар, XII–XIII ғасырдың басына жататын жерлеу құрылыстары Іле және Шу аймақтарында кездеседі (Байпаков, 1973: 34-35, 139-140).

Сығанақтағы № 1 кесененің қабірүсті құрылыстары сатылы өрілген шағын платформа мастабалар – құлпытастар болып табылады. Қабірүсті құрылыстар күйдірілген кірпішпен тік төртбұрышты етіп, арнайы «құлпытас» формасына келтіріп жасалынған. Осыған ұқсас, балшықпен сыланған немесе қапталған, тік немесе сатылы қыш платформалар түріндегі құлпытастар Поволжьеінің қалалық және қала маңындағы қорымдарында ашылған (Егоров, Федоров-Давыдов 1976: 142, рис. 34; Егоров, 1980: 74-80, рис. 3). Олар Царевский қаласының (Жаңа Сарай) жанындағы дала қорғандарында да кездеседі, бұл айналадағы көшпелі «халықтың мұсылмандану белгісі» ретінде түсіндіріледі (Армарчук 2013: 410). Саурандағы қабірүсті құрылыстардың құрылымы бойынша оларды 1-типтің 1 және 2-тармақтарына жатқызуга болады. Бұл құрылыстардың негізі тіктөртбұрыш пішінде сатылы етіп қаланып, сол негізге орнатылған (Смагулов 2012: 114). Сонымен қатар, Алтын Орданың шығыс бөлігінде орналасқан бірқатар кесенелермен архитектуралық құрылымы жағынан ұқсастығы бар (Зиливинская, 2024: 91-124).

№6 кесене. Мұндай үлгідегі порталды, екі бөлмелі кесенелер ортағасырлық Арал-Асар (Кердері II кесенесі) (Байпаков, 2012: 65-68; Курманкулов, 2011: 85-86), Қышқала (Елеуов және т.б. 2021: 26-31, 122)⁹, Әулікөл (Петров, Смагулов 2018: 167-184), қалаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған.

Нәтижелер

№ 5 кесене абсолюттік хронологиясын анықтау мақсатында жасалынған C14 сараптамасының қорытындысы бойынша XIV ғасырдың екінші жартысымен мерзімделеді. Ал № 6 кесене XV ғ. алғашқы жартысында салынғанын көрсетті. Кесенелердің жоғарыда көрсетілген уақытпен мерзімделуіне күмән жоқ, себебі Қазақстанның басқа жерлерінде осы үлгіде салынған кесенелер XIV-XV ғғ. мерзімделген.

№ 7 кесенеден алынған сынаманың C14 сараптама қорытындысы бойынша ғимарат құрылысы XIII ғ. бірінші жартысы мен екінші жартысының басымен мерзімделеді. Қорамсақтың ағаш бөлігін сынама ретінде алғанын ескере отырып, кесененің салынған уақытын тек радиоқөміртектік талдау нәтижесіне сүйене отырып анықтау дұрыс болмайды, өйткені қорамсақ кесене салынғанға дейін жасалған болуы мүмкін. Кесенені қазу барысында табылған архитектуралық декор элементтері көршілес

⁸ Елеуов М., Қалиев С., Ақымбек Е., Мургабаев С., Әлжанов Р., Қалымбетов Д., 2005. Тұран археологиялық экспедициясының 2004 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында жүргізген зерттеулері (аралық) ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Түркістан. 192 б. / АҒЗО архиві.

⁹ Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Молдахмет А., Сапатаев С., Ерсариев А., Нұрман Б., Қиясбек М., 2021. «Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» тақырыбындағы жобаның есебі. Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. 194 б.

территориялардағы – Шахи-Зинда кешенінің кесенелеріндегі қаптама плиткаларына ұқсас келеді және XIV ғ. мерзімделеді. Сонымен қатар осы өңірде жергілікті билеушілер мен игі жақсылардың бейітінің үстіне исламдық мемориалдық-ғұрыптық ғимараттарды тұрғызу XIV ғасырдан, яғни Алтын Орда билеушілерінің исламды ресми дін ретінде қабылдаған уақыттан бастау алады. №7 кесенені зерттеу барысында анықталған деректерді сараптау негізінде ғимаратты XIV ғ. бірінші жартысына жатқызуға болады.

Мәйіттердің барлығы мұсылмандық жерлеу рәсімін сақтай отырып қойылған, дегенмен мүрделердің жерлеу бағыттарында аздаған ғана ауытқулар байқалады – № 3, № 4, № 5, № 6, № 7 кесенелердегі солтүстік-батыс – оңтүстік-шығыс бағытта, шалқасынан жатқызылған, ал № 1 кесенеді – солтүстік-оңтүстік бағытта, шалқасынан жатқызылған. № 3, № 5, № 7 кесенелердегі жерлеу орындарында табылған темір шегелер мен ағаш бөлшектері мәйіттердің ағаш табыттарда жерленген болуы мүмкіндігін көрсетеді.

Зерттеу барысында алынған сынамаға жасалынған C14 сараптамасының қорытындысы бойынша № 5 кесене XIV ғ. екінші жартысымен, № 6 кесене XV ғ. алғашқы жартысымен, ал № 7 кесене XIV ғ. бірінші жартысымен мерзімделеді.

№ 1, № 3 кесенелердің сәулеттік құрылысы, жерлеу орындарының (сағана-цистарлар) құрылымы № 5, № 7 кесенелердегі құрылыстарға ұқсастығына қарай және көршілес аймақтардағы ескерткіштермен салыстыра қарағанда, № 1, № 3 кесенелерді XIV ғ., ал № 4 кесенені XIV-XV ғғ. мерзімдеуге болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, Сырдарияның орта ағысындағы ортағасырлық ірі орталықтардың бірі ретінде танылған Сығанақ қаласының XIV–XV ғасырларда аймақтағы қасиетті және рухани орталықтардың бірі болғандығын айтуға болады. Себебі қала маңында жергілікті билеушілер, атақты ғұламалар мен тұлғалардың қабірінің үстіне сәулет ескерткіштерінің маңызды бір бөлігі болып саналатын – кесенелер көптеп тұрғызылған. Атқарылған зерттеулер барысында ашылған зәулім ғимараттар ортағасырлық деректерде Сығанақ қаласын «кесенелер қаласы» деген деректерді дәлелдей түседі.

Түркі халықтарының ислам дінін қабылдағаннан кейін зияратшылардың құран оқып, дұға жасайтын бөлмелері бар кесенелер тұрғызыла бастайды. Осылайша әйгілі тұлғалар, мемлекет және дін өкілдерінің қабірінің үстіне бір немесе екі бөлмелі, төртбұрышты пішінді жобада салынған, күмбезбен қапталған кесене тұрғызу дәстүрі әдетке айналып, қазіргі таңға дейін жалғасын табуда.

Сығанақ қаласындағы жерлеу орындарын әрі қарай зерттеу және алынатын жаңа деректерді ғылыми сараптаудан өткізу ғұрыптық құрылыстардың, жерлеу рәсімінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Себебі, қазіргі күнге дейін қала маңындағы көне қорымда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында тек 7 кесене орны анықталып зерттелген. Сонымен қатар, жаратылыстану ғылымының әдістерін қолдана отырып, кесенелерде жерленген адамдардың этникалық құрамы туралы жаңа деректерді жинақтау үшін генетикалық зерттеу жұмыстары әрі қарай жалғасын табуы тиіс. Жаңа археологиялық деректерді алып, оларды саралау Сығанақ қаласының дамуы, материалдық және рухани мәдениеті жайлы қорытынды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Армарчук Е.А., 2013. Декоративные надгробья Хорезма и Золотой Орды. ТГЭ. Вып. LXII. С. 408-430.

Байпаков К.М., 1973. Средневековое погребение в Илийской долине. СА. № 2. С. 257-259.

Байпаков К.М., 2012. Исламская археологическая архитектура и археология Казахстана. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза». 284 с.

Байпаков К.М., Акылбек С.Ш., Воякин Д.А., Жолдасбаев С.Ж., 2014. Городище Сыгнак: Мавзолей. Известия НАН РК. Вып. 5. Алматы. С. 45-51.

Воякин Д.А., Бахтыбаев М.М., Искандерова А.Д., 2025. Гавань Дешт-и-Кыпчака. Алматы-Самарканд: «Международный институт центральноазиатских исследований». 304 с.

Barthold W.W., 1947. Türklerde ve Moğollarda Defin Merasimi Meselesine Dair. Belleten Cilt 11. Sayı 43. Pp.515-539.

Егоров В.Л., 1980. Мавзолей Водянского городища. СА. № 1. С. 74-89.

Егоров В.Л., Федоров-Давыдов Г.А., 1976. Исследование мечети на Водянском городище. Средневековые памятники Поволжья. М.: Наука. С.108-167.

Зиливинская Э.Д. Мавзолей восточных районов Золотой орды. Золотоордынское обозрение. 2024. Т. 12, № 1. С. 91-124. <https://doi.org/10.22378/2313-6197.2024>

Кожемяко П.Н., 1967. Раскопки жилищ горожан X-XII вв. на Краснореченском городище. Древняя и раннесредневековая культура Киргизстана. Фрунзе: Илим. С. 53-90.

Kozha M.B., Nurzhanov A.A., Krupko I., 2021. The Contribution of Researchers of the Russian Empire to the Study of Antiquities in Kazakhstan: the Case of N.I. Veselovsky. Bylye Gody. Vol.16. Iss. 2. Pp. 898-907.

Құрманқұлов Ж., 2011. (бас редактор). Қазақстан Республикасының тарихи мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна. 504 б.

Нагаминэ Х., 2020. Сыганак как «Порт Дашт-и Кыпчака» и «Города-Мавзолеей»: период от правления левого крыла Джучидов до основания «Казахского ханства». Золотоордынское обозрение. №8(5). С. 533-551. DOI: 10.22378/2313-6197.2020-8-3.533-551

Нурмуханбетов Б.Н., 1974. Раннемусульманское кладбище близ городища Куйрыктобе. В глубь веков. Алма-Ата: Наука. С. 85-94.

Петров П.Н., Смагулов Т.Н., 2018. Нумизматические находки XIV века из некрополя у озера Аулиеколь. Stratum plus. №6. С. 167-184.

Радлов В., 1899. Опыт словаря тюркских наречий. Том 2. Часть 2. Санк-Петербург: Типография Императорской Академия Наук. 1174 с.

Смагулов Е.А., 2012. Намогильники сауранского некрополя и «сагона» Ходжа Ахмеда Ясави. Известия НАН РК. Серия общ. наук. №3 (283). Алматы. С. 108-125.

Sizdikov B.S., Baitanayev B.A., Murgabayev S.S., Bakhtybayev M.M., Arynov K.S., Gursoy M., Seraliyev A.A., 2023. Mausoleums in the medieval city of Syganak. Povolzhskaya arkheologiya. № 2 (44). P. 131-144. <https://doi.org/10.24852/pa2023.2.44.131.144>

References

Armarchuk E.A., 2013. Dekorativnye nadgrobya Horezma i Zolotoi Ordy [Decorative tombstones of Khorezm and the Golden Horde]. TGE. Vyp. LXII. S. 408-430. [in Russian]

Baipakov K.M., 1973. Srednevekovoe pogrebenie v İliiskoi doline [Medieval burial in the Ili Valley]. SA. № 2. P. 257-259. [in Russian]

Baipakov K.M., 2012. *İslamskaya areologicheskaya arhitektura i Arheologiya Kazahstana* [Islamic Areological Architecture and Archaeology of Kazakhstan]. Almaty: TOO «Arheologicheskaya ekspertiza». 284 p. [in Russian]

Baipakov K.M., Akyzbek S.Ş., Voyakin D.A., Joldasbaev S.J., 2014. Gorodishe Sygnak: Mavzolei [Sygnak ancient settlement: Mausoleums]. *İzvestiya NAN RK. Vyp. 5. Almaty. P. 45-51.* [in Russian]

Voyakin D.A., Bahtybaev M.M., İskanderova A.D., 2025. Gavan Deşt-i-Kypchaka [Harbor of Desht-i-Kipchak]. Almaty-Samarkand: «Mejdunarodnyi institut tsentralnoaziatskih issledovaniï». 304 p. [in Russian]

Barthold W.W., 1947. Türklerde ve Moğollarda Defin Merasimi Meselesine Dair. *Belleten Cilt 11. Sayı 43. P. 515-539.* [in Turkish]

Egorov V.L., 1980. Mavzolei Vodyanskogo gorodiща [Research of the mosque at Vodyanskoye settlement]. *SA. № 1. P. 74-89.* [in Russian]

Egorov V.L., Fedorov-Davydov G.A., 1976. *İssledovanie mecheti na Vodyanskom gorodishe* [Research of the mosque at Vodyanskoye settlement]. *Srednevekovye pamyatniki Povoljya. M.: Nauka. P. 108-167.* [in Russian]

Zılıvinskaya E.D. Mavzolei vostochnyh raionov Zolotoi Ordy [Mausoleums of the Eastern Regions of the Golden Horde]. *Zolotoordynskoe obozrenie. 2024. V. 12, № 1. P. 91–124.* <https://doi.org/10.22378/2313-6197.2024-12-1.91-124>. [in Russian]

Kojemyako P.N., 1967. Raskopki jilish gorodjan H-HII vv. na Krasnorechenskom gorodishe [Excavations of dwellings of citizens of the 10th-12th centuries at Krasnorechenskoye settlement]. *Drevnyaya i rannesrednevekovaya kultura Kirgizstana. Frunze: İlim. P. 53-90.* [in Russian]

Kozha M.B., Nurzhanov A.A., Krupko I., 2021. The Contribution of Researchers of the Russian Empire to the Study of Antiquities in Kazakhstan: the Case of N.I. Veselovsky. *Bylye Gody. Vol.16. Iss. 2. Rr. 898-907.*

Qūrmanqūlov J., 2011. Qazaqstan Respublikasynyñ tarihi mädeni eskertkishterinıñ jınaғы. Qyzylorda oblysy [Collection of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Qyzylorda region]. Almaty: Aruna. 504 p. [in Kazakh]

Nagamine H., 2020. Syganak kak «Port Dasht-i Kypchaka» i «Goroda-Mavzolei»: period ot pravleniya levogo kryla Djuchidov do osnovaniya «Kazahskogo hanstva» [Syganak as the "Port of Dasht-i Kipchak" and "Mausoleum City": the period from the reign of the left wing of the Jochid to the foundation of the "Kazakh Khanate"]. *Zolotoordynskoe obozrenie. 8(5). P. 533-551. DOI: 10.22378/2313-6197.2020-8-3.533-551* [in Russian]

Nurmuhanbetov B.N., 1974. Rannemusulmanskoe kladbishe bliz gorodisha Kuiryk-tobe [Early Muslim cemetery near the Kuyryk-tobe settlement]. *V glub vekov. Alma-Ata: Nauka. P. 85-94.* [in Russian]

Petrov P.N., Smagulov T.N., 2018. Numizmaticheskie nahodki XIV veka iz nekropolya u ozera Auliekol [Numismatic finds from the 14th century necropolis near Lake Auliekol]. *Stratum plus. №6. P. 167-184.* [in Russian]

Radlov V., 1899. Opyt slovaryä tyurkskih narechii [An experiment in the dictionary of Turkic dialects]. Tom 2. Chast 2. Sank-Peterburg: Tipografiya İmperatorskoi Akademiiä Nauk. 1174 p. [in Russian]

Smagulov E.A., 2012. Namogilniki sauranskogo nekropolya i «sagona» Hodja Ahmeda Yasavi [Burial grounds of the Sauran necropolis and the "sagon" of Khoja Akhmed Yasawi]. *İzvestiya NAN RK. Seriya obsh. nauk. №3 (283). Almaty. P. 108-125.* [in Russian]

Sizdikov B.S., Baitanayev B.A., Murgabayev S.S., Bakhtybayev M.M., Arynov K.S., Gursoy M., Seraliyev A.A., 2023. Mausoleums in the medieval city of Syganak. Povolzhskaya arkheologiya. № 2 (44). P. 131-144.

Авторлар туралы мәлімет:

Бахтыбаев Мэлс, PhD, Археология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ж.Баласағұн көш., 45, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-9027-0295

Scopus ID: 58795447400

Мургабаев Сағынбай, PhD, Археология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Шілдехана көш., 7, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-4087-4592

Scopus ID: 56658749100

Сиздииков Бағдаулет, PhD, қауым.профессор, Археология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Тұран көш., 5, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0001-8115-5810

Scopus ID: 57210560635

Арынов Қуаныш, докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлтық университеті, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0003-1248-7525

Scopus ID: 57194773112

Сведения об авторах:

Бахтыбаев Мэлс, PhD, ведущий научный сотрудник Научно-исследовательского института археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, ул. Ю.Баласагуна, 45, Туркестан, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-9027-0295

Scopus ID: 58795447400

Мургабаев Сағынбай, PhD, ведущий научный сотрудник Научно-исследовательского института археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, ул. Шилдехана, 7, Туркестан, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-4087-4592

Scopus ID: 56658749100

Сиздииков Бағдаулет, PhD, доцент, ведущий научный сотрудник Научно-исследовательского института археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, ул. Туран, 5, Туркестан, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0001-8115-5810

Scopus ID: 57210560635

Арынов Куаныш, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0003-1248-7525

Scopus ID: 57194773112

Information about authors:

Bakhtybayev Mels, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, 45 Y.Balasagun Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-9027-0295

Scopus ID: 58795447400

Murgabayev Sagynbay, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, 7 Shildehana Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-4087-4592

Scopus ID: 56658749100

Sizdikov Bagdaulet, PhD, Leading Researcher, Research Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, 5 Turan Str., Turkestan, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-8115-5810

Scopus ID: 57210560635

Arynov Kuanysh, Doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Aven., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-1248-7525

Scopus ID: 57194773112



Ортағасырлық Ақтөбе: аңыз бен ақиқат

М. Елеуов^а, *А.А. Молдахмет^б, М.И. Жүсіпназар^с

^аӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: madiareleyov@mail.ru

^бҚазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан Республикасы

*Байланыс үшін автор: e-mail: arhadkz@mail.ru

^сӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: zhusypnazar@mail.ru

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:

орта ғасырлар,
Баласағұн,
Ақтөбе,
қалашық,
аңыздар, эпос,
цитадель,
шахристан,
рабад, қазба,
кесік.

МРНТИ 03.41.91

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-44-63>

Қазақ жері – байырғы өркениеттердің бесігі. Осы кең байтақ аумақта көне дәуір мен орта ғасырларда жүздеген қала, ірілі-ұсақты елді мекендер мен зәулім керуен сарайлар бой көтерген. Өз заманында олар тек жергілікті жұртқа ғана емес, бүкіл Азия мен тіпті Еуропаға дейін танымал болған. Бұл қалалар сәулет өнерінің әсемдігімен, мәдени өмірімен және қарқынды саудасымен ерекшеленген. Бірегей келбетімен, жергілікті шебер сәулетшілердің даналығымен және мәдени-экономикалық байланыстардағы маңызымен бұл қалалар саяхатшылар мен саудагерлердің таңданысын тудырып, олардың жазбаларында із қалдырған.

Алайда бұл бірегей қалалар мен елді мекендердің көбісі уақыт сынына төтеп бере алмады. Қанды жорықтар, тақ таластары, ішкі қырқыстар мен сыртқы шапқыншылықтар көптеген мәдени орталықтардың күйреуіне және қаңырап бос қалуына себеп болды. Бүгінде олардан көне тарихтың құпиясын ішіне бүккен төбелер мен қорғандар ғана қалған. Соған қарамастан, бұл жерлер өз тарихи маңызын жоғалтқан жоқ. Ғылым, мәдениет, қолөнер мен сауданың ордасы болған көне қалалардың жұрты халықтың жадында, ауызша тарихында, әсіресе бай қазақ фольклорында сақталып қалған.

Ұрпақтан ұрпаққа жеткен аңыздар мен ауызша баяндар өткен өркениеттер туралы бірегей мәліметтерді қамтиды. Бұл фольклорлық мұралар археологиялық және жазбаша деректермен қатар ежелгі қалалардың тарихын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Тамыры терең өркениеттің киелі мекені болған қазақ жерінің төсінде бір кездері тек көшпенді өмір салтының көрінісі ғана емес, сонымен қатар Ұлы Жібек жолы бойындағы жоғары деңгейдегі қалалық мәдениеттің куәсіне айналған іргелі орталықтар тірлік кешкен.

Осындай тарихи орындардың бірі – Ақтөбе қалашығы. Бұл мақа-лада оның тарихи шынайы болмысы мен аңыздық сипаттары

қарастырылады. «Халық аңыздарында шындық бар ма?» деген сауалға айырықша назар аударылған. Зерттеушілер ортағасырлық Ақтөбе қалашығына жүз жылға жуық уақыт бойы маңызды археологиялық ескерткіш ретінде көңіл бөліп келеді. Оған қатысты халық аңыздары мен тарихи деректер бірін-бірі толықтырады. Аңыздарда Ақтөбе ғылым, білім мен мәдениет ордасы ретінде сипатталады. Бұл мәліметтер ежелгі қаланың өмір салтын қалпына келтіріп елестетуге мүмкіндік береді.

Мақалада аңыздарға фольклорлық-тарихи талдау жасалып, олардың шынайы тарихпен байланысы анықталады, ал бұл өңірдің мәдени мұрасын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

M. Yeleuov^a

^aal-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: madiareleyov@mail.ru

***A.A. Moldakhmet^b**

^bNational Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

**Correspondence author: e-mail: arhadkz@mail.ru*

M.I. Zhusupnazar^c

^cal-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: zhusypnazar@mail.ru

Medieval Aktobe: between legend and reality

Abstract. The land of Kazakhstan is a cradle of ancient civilizations. Throughout history, its vast steppes have been home to hundreds of cities, settlements, and majestic caravanserais that emerged during the ancient and medieval periods. These urban centers were not only significant for the local population but were also widely recognized across Asia and Europe. With their impressive architecture, vibrant commercial activity, and cultural importance, they became true hubs of civilization. Travelers and merchants were captivated by their uniqueness, and many left behind detailed accounts in their writings.

However, many of these remarkable cities and settlements could not withstand the trials of time. Bloody invasions, power struggles, internal conflicts, and foreign conquests led to the destruction and decline of numerous cultural centers. Today, what remains are silent witnesses to history, nameless hills and mounds marking the locations where once-thriving cities stood. Nevertheless, the historical significance of these sites remains undiminished. These former centers of education, trade, and craftsmanship live on in the collective memory of the Kazakh people, preserved through oral traditions, genealogies, and especially the nation's rich folklore.

Kazakh legends and epic tales, transmitted orally across generations, contain valuable and unique insights into the lives and cultures of ancient cities. Alongside archaeological

Received 28 April 2025. Revised 30 April 2025. Accepted 20 May 2025. Available online 30 June 2025.



Дәйексөз үшін: М. Елеуов, А.А. Молдахмет, М.И. Жүсіпназар Ортағасырлық Ақтөбе: аңыз бен ақиқат // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 2. 44-63 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-44-63>

For citation: M. Yeleuov, A.A. Moldakhmet, M.I. Zhusupnazar Medieval Aktobe: between legend and reality // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 2. P. 44-63. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-44-63>

evidence and written sources, this oral heritage plays a vital role in reconstructing the history of Kazakhstan's medieval urban centers. These cities, especially those located along the Silk Road, demonstrate that the region was not solely defined by nomadic life, but also by a flourishing urban civilization.

One such historical site is the Aktobe settlement.

This article explores the dual nature of medieval Aktobe by examining both historical facts and legendary narratives. It raises a central question: "Is there truth behind the legends?" For nearly a century, Aktobe has attracted the attention of archaeologists as a significant medieval site. Folklore and historical records about Aktobe often complement each other. In many legends, Aktobe is depicted as a center of learning, culture, and enlightenment. These narratives provide a glimpse into the lived reality and enduring legacy of this ancient city.

Keywords: Middle Ages, Balasagun, Aktobe, settlement, legends, epic, citadel, shahristan, rabad, excavations, cross-section.

М. Елеуов^а

^аКазахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: madiareleuyov@mail.ru

***А.А. Молдахмет^б**

^бНациональный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан
*Автор для корреспонденции: e-mail: arhadkz@mail.ru

М.И. Жусупназар^с

^сКазахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: zhusupnazar@mail.ru

Средневековый Актобе: между преданием и реальностью

Аннотация. Казахская земля – колыбель древнейших цивилизаций. На этой обширной территории в древности и в средневековый период возникли сотни городов, крупных и малых поселений, а также величественные караван-сараи. В своё время они были известны не только местным жителям, но и далеко за пределами региона – во всей Азии и даже Европе. Эти города были центрами архитектурной красоты, культурной жизни и активной торговли. Благодаря своему неповторимому облику, мудрости местных зодчих и значению в культурно-экономических связях, они поражали воображение путешественников и купцов, оставивших воспоминания о них в своих записях.

Однако большинство этих уникальных городов и поселений не выдержали испытаний временем. Кровопролитные походы, династические распри, внутренние конфликты и внешние нашествия привели к разрушению и запустению многих культурных центров. Сегодня от них остались лишь безмолвные следы в виде холмов и курганов, хранящих в себе тайны прошлого. Несмотря на это, их историческая ценность не утратила своего значения. Остатки древних городов, некогда бывших очагами науки, культуры, ремесел и торговли, сохранились в коллективной памяти народа, в его устной истории, особенно в богатом казахском фольклоре.

Легенды и сказания, передававшиеся из поколения в поколение, содержат уникальные сведения о прошлых цивилизациях. Эти фольклорные источники наряду с археологическими и письменными данными играют важную роль в изучении истории древних городов. В недрах казахской земли, являющейся святыней с глубокими

корнями цивилизации, когда-то существовали культурные центры, которые были не только отражением кочевой жизни, но и свидетельством высокого уровня городской культуры, особенно вдоль Великого Шёлкового пути.

Одним из таких объектов является городище Актобе. В данной статье рассматривается его историческая подлинность и легендарные аспекты. Особое внимание уделено вопросу: «Есть ли истина в народных преданиях?» Средневековое городище Актобе в течение почти столетия привлекает внимание исследователей как важный археологический памятник. Народные предания и исторические данные о нём дополняют друг друга. В легендах Актобе предстаёт как центр науки, просвещения и культуры. Эти сведения помогают реконструировать образ жизни древнего города.

В статье проводится фольклорно-исторический анализ преданий, выявляется их связь с реальной историей, что способствует более глубокому пониманию культурного наследия региона.

Ключевые слова: средневековье, Баласагун, Актобе, городище, легенды, эпос, цитадель, шахристан, рабад, раскопки, разрез.

Kіріспе

Қазақ халқының ғасырлар бойғы тарихын тануда оның ауыз әдебиеті – ұлттық танымның ажырамас бөлігі, тарихи жадының бір арнасы іспетті. Атап айтқанда, ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер, шежірелер мен тарихи жырлар – халықтың дүниетанымын, қоғамдық-саяси оқиғаларға берген бағасын және сол кезеңдегі рухани ахуалды бейнелейтін ерекше мәдени феномен. Бұл туындылар тек көркем қиялдың жемісі ғана емес, сонымен қатар нақты тарихи шындықтың халық жадында сақталған бейнесі ретінде қарастырылады.

Ауызша тарих айту дәстүрі арқылы халық өз өткенін ұмытпай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Әсіресе, жер-су атаулары және көне қалаларға қатысты аңыздарда нақты тарихи оқиғалар мен тұлғалардың іздері сақталған. Осындай фольклорлық деректер арқылы жоғалған қалалардың орны мен тарихи болмысы жөнінде тың мағлұматтар алуға болады. Сондықтан да көне қалаларға қатысты ауыз әдебиетіндегі мәліметтерді ғылыми тұрғыда жүйелеу – ұлттық рухани мұраны зерделеудің, тарихи жадымызды қалпына келтірудің маңызды әдістемелік жолдарының бірі болып саналады.

Қазақ халқының ауызша тарихы – тек көркем сөз өнерінің үлгісі ғана емес, сонымен қатар халықтың тарихи жады мен рухани болмысының айнасы. Осы бай мұраны тарихи дерек ретінде алғаш танып, ғылыми тұрғыда қарастырған ғалым – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болды. Ол фольклорлық туындыларды зерттеу арқылы халықтың өткенін, тарихи дамуын, дүниетанымдық көзқарасын тануға болатынын дәлелдеді. Ғалым өзінің еңбектерінде: «...Екіншіден, әртүрлі кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулар халық санасына өз дәуірінің оқиғасын сіңіргені соншалық, оның барлығы бірігіп келіп, бір бүтінді құрайды. Үшіншіден, осы поэмалардың барлығы салт-дәстүрмен, мақал-мәтелдермен, халықтың адамгершілік туралы жарғыларымен бірге келіп, халықтың тарихи және рухани өмірінің өткенін толық көрсете отырып, тарихи оқиғаларды толықтыруға және олардың кезеңін анықтауға жәрдемдеседі» деп атап көрсетеді (Валиханов, 1961: 258; Валиханов, 1961: 2020-227). Бұл пікірлер халық шығармашылығын тарихи дерек көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ауыз әдебиеті – нақты тарихи оқиғалар мен тұлғалардың ел есінде сақталған бейнесі ретінде ғылыми таным аясында маңызды орын алады. Сондай-ақ Ш. Уәлиханов қазақтың рухани мұраларын жүйелі түрде зерттеуде де алғашқылардың бірі болды. Ол фольклорды тек этнографиялық

немесе көркемдік тұрғыдан ғана емес, тарихи дерек көзі ретінде де бағалады. Уәлиханов халық арасында таралған аңыздардың көпшілігі нақты тарихи оқиғалар мен тұлғаларға қатысты екенін алғашқылардың бірі болып анықтады. Ол батырлар жыры мен ертегілерді саралай отырып, көркем қиял мен тарихи шындықтың арасындағы шекараны айқындауға ұмтылды. Ғалым аңыз-әңгімелер мен жырлардың түп-төркінінде жатқан шындық дәнін ашып көрсетуді басты мақсат етті. Әсіресе, тарихи жырлар мен батырлық эпос үлгілерінде ел жадында сақталған нақты тұлғалардың бейнесі мен замана келбеті көрініс табатынын ғылыми дәлелдермен негіздеді. Оның бұл бағыттағы пайымдаулары – отандық тарих пен фольклортанудың тоғысар тұсында тың серпін берді. «Шын мәнінде, тарихи оқиғаларды ертегі мен жырдан ажырату қажет» деген тұжырымын ол нақты зерттеу барысында көрсеткен (Уәлиханов, 2010: 186-191; Уәлиханов, 2010: 8-107).

Қазақ халқының рухани-тарихи жадының маңызды бөлігі саналатын батырлық жырлар мен аңыздар – ұлттың ғасырлар бойғы өмір сүру тәжірибесін, дүниетанымын, тарихи оқиғаларға деген көзқарасын сақтап келген асыл мұра. Ежелден ел жадында жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралған бұл рухани қазына – халқымыздың ұлт ретіндегі өзіндік болмысын танытатын, тарихи сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда зор рөл атқарған дереккөздердің бірі. Қазақ фольклорының байлығын алғаш жинап, жүйелі түрде зерттеуге үлес қосқан ғалымдардың алдыңғы легінде В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә. Диваев есімдері аталады (Ел қазынасы, 1994: 616; Потанин, 1917: 47-71; Казахский фольклор, 1972; Қазақтың халық творчествасы, 1989: 416).

Фольклорлық аңыздардың мазмұнында халық бастан өткерген тарихи оқиғалар, ел билеген тұлғалар, жер-су атаулары мен көне қалаларға қатысты нақты деректер көрініс табады. М. Әуезов: «Қазақ аңыздарының ертегіден айырмашылығы – оларда тарихта болған адамдар туралы айтылатын, халық тудырған көркем әңгімелер» екенін атап көрсетеді (Әуезов, 1962: 416). Аңыздарды жүйелеу бағытында М. Әуезов оларды тарихи тұлғалар мен күйге қатысты аңыздарға, С. Қасқабасов – тарихи және топонимиялық аңыздарға (Қасқабасов, 1984: 124-150), ал Ә. Қоңыратбаев – қала аңыздары мен дала аңыздарына бөліп қарастырған (Қоңыратбаев, 1991: 74-96). Осы ғылыми көзқарастарға сүйене отырып, біз көне қалалар мен мекендерге қатысты деректерді қамтитын аңыздарды тарихи мекендік (тарихи-топонимиялық) аңыздар деп жіктеуді жөн көрдік.

Аңыз – халқымыздың жадында талай ғасырлардан бері сақталып, ауызша айтылып келген тарихы. Аңыздың түбі – шындық. Қ.Әбдуәли: «Алайда, кез-келген аңыздың шыңырау түбінде асыл тастай жарқырап көрінетін шындықтың жататыны сөзсіз, елпекшеп ала білсе, қобыраған қауесет, басы артық әңгімеден тазартып, асылын ала білсе, аңыздардың да айтары мол, тіпті шындыққа бергісіз, ғасырлар шаңы басып, көзден ғайып болған қымбат та бағалы деректерді көз алдыға елестетіп, көңілге көп ой ұялататын жәйіттері де аз болмаса керек» - деп, шындық болмаса, аңыздың да болмайтыны көрсеткен (Әбдуәли, 2004: 304).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің тарихи болмысын тереңірек ұғыну – пәнаралық зерттеуді қажет ететін кешенді ғылыми міндеттердің бірі. Бұл тұрғыда археология ғылымы негізгі діңгек қызметін атқара отырып, өзге де бағыттармен – фольклортану, этнография, тарих және топономика секілді ғылым салаларымен тығыз байланыста қарастырылуы тиіс. Себебі көне қалаларға қатысты мәліметтер тек материалдық деректермен шектелмейді; олар халық жадында сақталған аңыз-эпсаналарда, жер-су атауларында және шежірелік қабаттарда да орын алған.

Қазақ тарихында сақталған батырлар жыры мен аңыз-әңгімелер – ұлттың тарихи жадын бейнелейтін құнды рухани мұра. Әсіресе, ел тағдырына әсер еткен аса маңызды тарихи оқиғалар мен сол кезеңдерде өмір сүрген тұлғалар туралы туындаған аңыздар ғасырлар бойы ұрпақ санасында жаңғырып, ұлттың ұлы мұратына айналған. Мұндай туындылар тек көркем дүниелер емес, сонымен бірге тарихи үдерістер мен қоғамдық сана дамуының ерекше айғағы болып табылады.

Батырлар жырлары мен тарихи аңыздар халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауыса отырып, тарихи танымды қалыптастыруда маңызды рөл атқарған. Олар арқылы халық өз тарихын, ел қорғаған ерлерін, әлеуметтік-мәдени ахуалын ұмытпай, рухани сабақтастықты қамтамасыз еткен. Сонымен қатар, бұл шығармаларда халықтың отансүйгіштік сезімі, ерлікке деген құрметі, әділдік пен намыс секілді құндылықтары көрініс табады. Сондықтан тарихи негізі бар фольклорлық туындыларды жүйелі түрде зерттеу, тек әдеби-мәдени емес, тарихи таным үшін де аса өзекті мәселе болып табылады.

Мұнда қолданылатын зерттеу әдістері – пәнаралық тәсілдерге негізделген. Археологиялық қазба деректері мен жазба дереккөздері салыстырмалы түрде қарастырылады. Сонымен қатар, қазақтың ауыз әдебиетіндегі фольклорлық нұсқалар мен жергілікті халық арасындағы ауызша тараған әңгімелер талдауға алынады. Этнографиялық байқаулар мен жер атауларын тарихи тұрғыдан жіктеу де зерттеу әдістерінің құрамына кіреді. Бұл әдістерді кешенді түрде қолдану ұлт тарихындағы көне қалалар феноменін жаңаша тануға, тарихи жадымызды қалпына келтіруге және мәдени сабақтастықты айқындауға мүмкіндік береді.


Мақаланың мақсаты – Ақтөбе қалашығы туралы халық арасында сақталған аңыздарды жинақтап, оларды ғылыми тұрғыда талдау арқылы қалашықтың нақты тарихи болмысын анықтау. Аңыздарда бейнеленген көріністер мен кейіпкерлерді археологиялық және жазба деректермен салыстыра отырып, шындыққа жақын тұстарын ажыратып көрсету. Осы арқылы оқырманға көне қаланың тарихи келбетін қалпына келтіруге сеп болатын тың пайым ұсынамыз.

Тақырыптың зерттелу деңгейі


Ортағасырлық Ақтөбе қаласы қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданына қарасты Ақсу ауылдық округінің аумағында орналасқан. Қала Ақсу және Қарабалта өзендерінің төменгі ағысында, жазық әрі құнарлы алқапта бой көтерген. Археологиялық деректерге сүйенсек, бұл қаланың өмір сүру мерзімі шамамен VI ғасырдан XIII ғасырдың басына дейінгі уақытты қамтиды. Ортағасырлық қалаларға тән құрылымдық белгілер Ақтөбе қаласынан да анық байқалады. Қала кешені бірнеше функционалды бөліктерден тұрады. Ең алдымен, оның орталық аймағы – шахристан мен цитадельден құралған. Бұл – әкімшілік, діни және тұрғын үй кешендері шоғырланған негізгі орталық болып саналады. Шахристан 1 мен шахристан 2 бөліктері бір-бірінен жоспарлық ерекшеліктерімен және құрылымдық орналасуымен дараланады. Орталық бөлікпен іргелес жатқан шаруашылық аймағы – қолөнершілер мен қарапайым тұрғындардың мекені ретінде қызмет еткен. Қаланы қоршаған бірінші және екінші сыртқы қорғандар, сондай-ақ қосалқы ұзын дуалдар оның қорғаныс жүйесінің күрделі болғанын көрсетеді. Бұл қорғаныс жүйелері қала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Ақтөбе қаласының топографиялық құрылымы ежелгі дәуірлердегі қалалық мәдениеттің дамығанын айғақтайды. (1-3 сурет).



1-сурет. Ортағасырлық Ақтөбе қалашығы.
(Елеуов М., 2012. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының бұзылу тарихы: Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 120 б. Сур 2).



2-сурет. Ортағасырлық Ақтөбе қалашығының жобасы. К.В. Шишкин, М. Елеуов бойынша.
(Елеуов М., 2012. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының бұзылу тарихы: Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 120 б. Сур 1).



3-сурет. Ортағасырлық Ақтөбе қалашығы. Орталық бөліктің суреті мен жобасы.
(Елеуов М., 2021. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының қорғаныс жүйесі // Қазақ университеті.
Алматы. 106 б. 5- сурет)

Ақтөбе қалашығын археологиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстары 1974 жылдан бері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы (жетекшісі – профессор У.Х. Шәлекенов) тарапынан жүргізіліп келеді. Экспедиция аясында жүргізілген археологиялық қазбалармен қатар, ауызша деректерді жинақтау жұмыстары да қатар атқарылды. Атап айтқанда, 1974, 1976, 1978 жылдары Шәуенов Жүзімқұлдан, 1974, 1978, 1979 жылдары Ахметов Сейтқұлдан, 1979 жылы Анарбеков Сапардан, 1998 жылы Әлмереков Сұлтанғазыдан айдаһар туралы аңыздар, сондай-ақ шахристан аумағынан табылған ерекше дәліз жайындағы ауызекі деректер жазып алынды. Кейінірек, 2012 жылы Әлмереков Бақыттан Бозжорғаға қатысты аңыз-әңгімелер жинақталды. Бұл мәліметтер археологиялық деректерді фольклорлық материалдармен ұштастыру арқылы Ақтөбенің мәдени-тарихи бейнесін жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Жергілікті халық жадында сақталған бұл аңыздар археологиялық нысандардың тарихи контекстін тереңірек түсінуге септесіп, кешенді зерттеулер жүргізуге негіз болды.

Талдау

Аңыз – тек қиялдан туған көркем дүние емес, ол – халық жадында сақталған көне дерек, ұрпақтан ұрпаққа жеткен тарихи естелік. Көптеген аңыздарда айтылатын

оқиғалар мен кейіпкерлер шын мәнінде болған тарихи тұлғалар мен оқиғалардың көркемдік интерпретациясы болуы мүмкін. Сондықтан да аңыздарға жеңіл-желпі қарауға болмайды. Ақтөбе қалашығы төңірегіндегі аңыздар да осындай тарихи дереккөз ретінде қарастырылып отыр. Енді кезекте біз ортағасырлық Ақтөбе қалашығы жайында жинақталған көп жылдық аңыздардың желісін талдауды жөн көрдік.

Кітапхана, мешіт және монша туралы аңыздар.

Бірінші аңыз. Бір заманда Ақтөбені бір ғұлама ғалым билепті. Ол шығыс пен батысты түгел аралаған, көпті көрген, ғылымның әртүрлі салаларын жетік білген адам болыпты. Хан кезекті бір сапардан қайтып оралған соң ұсталарын қала үстіндегі алаңға жинап алып кітапхана, мешіт және монша салуға қолайлы жер іздеуге бұйрық беріпті. Ұсталар арада жеті күн өткенде ханға келіп кітапхананы хан сарайынан шығыста, мешітті батыста, ал моншаны хан сарайында салу керектігін айтыпты. Хан салдырған кітапхана қағандықтағы ең бай кітапхана, ал мешіт ең үлкен мешіт болыпты. Аңызды жеткізуші Шәуенов Жүзімқұл. 1976 жыл.

Екінші аңыз. Ақтөбедегі хан сарайында қағандықтағы ең үлкен кітапхана болыпты. Сол кітапханада бала кезінде Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн сияқты ғұламалар оқыған екен. Бірде қаланы жау қоршап, хан сарайына қауіп төнген шақта хан нөкерлерін жіберіп, сарайдағы тері кітаптарды киізге орап, сарайдан шығатын жасырын жерасты жолы арқылы Тасөткел жаққа көшіріп жіберіпті. Аңызды Ахметов Сейтқұл айтты. 1978 жыл.


Үшінші аңыз. Ақтөбені Қарахан билеп тұрған кезде бұл қалада бай кітапхана болған екен. Қарахан өзі алыс, жақын елдерге, қалаларға сапарға шыққанда өзінің бір нөкеріне базар аралатып, кітап алдырады екен. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолымен өткен керуен басылары ханға кітап сыйлап отырған көрінеді. Осы кітапханада Тараздағы, Отырардағы, Шаштағы кітапханадан жаздырып алынған қолжазбалар сақталыпты. Бірде қаланы жау қоршап, ұрыс хан сарайына жақындап қалғанда хан өзінің ең сенімді нөкерлерін шақырып, оларға хан сарайдағы кітапхананы жерасты жолымен өзінің арғы бетіндегі бекіністердің біріне (бұл жерде Төрткүлтөбе сөз болып отыр -М.Е.) апарып жасыруды тапсырған екен. Сол кітапхана осы уақытқа дейін жер астында жатқан көрінеді. Аңызды Шәуенов Жүзімқұл жеткізді. 1978 жыл.

Хан құдық туралы аңыз. Бір жаугершілік заманда тосыннан келген жау Ақтөбені қоршап, қаланың жанынан ағатын өзенді арнасынан бұрып, қалаға су әкелетін арықтарды бітепті. Ұрыс ұзаққа созылып, қаланың халқы судан қатты қиналыпты. Хан бас құдықшыға сарайдың ішінен құдықтар қазуға пәрмен беріпті. Арада бірнеше күн өткенде тереңдігі он-он төрт құлаш бірнеше құдық қазылыпты. Хан сарайынан қазылған ең терең, әрі суы мол құдықты халық «Хан құдық» деп атапты. Аңыз Шәуенов Жүзімқұлдан жазып алынды. 1976 жыл.

1983-1984 жылдарда цитадельдің солтүстік-шығыс бөлігінде жүргізілген 3-қазбадан XI-XII ғасырлар кезіндегі екі бөлмелі шығыс моншасы мен тереңдігі 8 м құдық ашылды (4-6 сурет). Құдық екі бөліктен тұрады, оның жобасында түсіп-шыққан кезде қабырғаларында төрт-төрттен аяқ тіреуге арналған 15x10 см ойықшалары бар (Елеуов, 2012: 16; Елеуов, 2021: 35-39).



4-сурет. Шығыс моншасы. М. Елеуов бойынша, 1983 жыл.
Фото М. Елеуовтың жеке архивінен



5-сурет. Шығыс моншасының жаңғыртпасы. У.Х. Шәлекенов бойынша, 1985 жыл.
Фото М. Елеуовтың жеке архивінен



6-сурет. Хан құдығы. У.Х. Шәлекенов бойынша, 1983 жыл.
Фото М. Елеуовтың жеке архивінен

Су құбырлары мен жер асты жолы туралы аңыз. Ертеде Ақтөбені Қарахан атты ер жүрек, әрі ақылды хан билепті. Ол уақытта қала халқы ауыз суды құдықтан және қала арқылы ағатын өзендерден ішеді екен. Бір күні хан түс көреді. Түсінде қаласын сансыз жау қоршап алған екен. Жаудың шыбындай қаптаған жасақтары қала арқылы ағатын өзенді көміп жатқанын көрген хан «су! су!» деп шошып ояныпты. Ақылды хан «түсім шындыққа айналып жүрмесін» деп су құбырларын салдырыпты. Құбыршылар тек таң алдында, қала халқы тәтті ұйқыда жатқанда ғана жұмыс істейді екен, құбырлардың суды қайдан алатынын, қалай ағатынын ешкім білмейтін болыпты. Су құбырларын бақылап тұру үшін жер асты жолдары қазылыпты, осындай жолдардың бірі хан сарайындағы «хан құдықтан» басталады екен. Аңыз Шәуенов Жүзімқұлдан жазып алынды. 1976 жыл.

1974-1977, 1979 жылдарда Ақтөбенің шаруашылық аймағының оңтүстік-батысында жүргізілген қазбалардан, шахристанның батыс жағынан қазылған кесік-қазбалардан әртүрлі бағытқа тартылған, бір не бірнеше қатар су құбырларының (7-сурет) желілері ашылды (Шәлекенов, Оразбаев, 1980: 24-38; Елеуов, 2012: 28-31).



7-сурет. Су құбырлары. У.Х. Шәлекенов, Ә.М. Оразбаев бойынша, 1980 жыл.
Фото М. Елеуовтың жеке архивінен

Шахристаннан ашылған дәліз туралы әңгіме. 1967 жылғы жазда Ақсу су қоймасының тоғанын салу үшін шахристанның (шахристан 1-дің – М.Е.) оңтүстік беткейін қазған кезде 1-1,5 м тереңдіктен қыш кесектен қаланған ені 1 метрден асатын дәліз тәрізді құрылыс ашылған. Сол күні дәлізді су қоймасын салып жатқан мекеменің инженері түсіп көрген. Оның айтуынша, биіктігі кісі бойы дәлізбен 5-6 метр жүрген, арғы жағы құлап жатқандықтан әрі қарай кірмеген. 3 күндей ашық тұрған дәлізге тағы бірнеше адам кірген. Сосын үңгір-дәлізді трактормен көміп, үстін тегістеп тастаған. 1998 жылы шахристандағы дерек кісі көрсеткен жерде қазба жүргіздік, бірақ біз қазған жерден дәліз табылған жоқ. Бұл аңыз Әлмерекөв Сұлтанғазыдан 1998 жылы жазып алынды.

Айдаһар туралы аңыздар.

Бірінші аңыз. Ақтөбеде үлкен шаһар болып тұрған кезде оны байлығы есепсіз, бір хан билепті. Хан байлығын салтанатты сарай астындағы қазынада сақтапты, оның есігін үлкен айдаһар күзетіп жатады екен. Бір жылы тосыннан келген жау Ақтөбені басып алып, ханын өлтіріп, халқын құлдыққа айдап, малын талан-таражға түсіріпті. Ханның қазынасын іздеген жау талай зәулім сарайларды жермен-жексен етіп кетіпті. Гүлденген шаһардағы тіршілік тоқтап, халқы басқа жерге қоныс аударыпты, тек бұзылған салтанатты сарай астындағы қазынаны күзеткен айдаһар ғана осы уақытқа дейін тірі көрінеді. Күн көзіне қыздарынып жатқан айдаһарды жүз жылда бір-ақ адам көреді екен. Аңызды жеткізуші Шәуенов Жүзімқұл. 1976 жыл.

Екінші аңыз. Бағзы заманда Ақтөбені билеген бір ханның мұрагері ұрыста жаралы болып, жаудың қолына түсіпті. Жау қолында қалған баласын күткен хан қартайып, өлер шағында алдына қазынасын күзететін айдаһарды алып келуге бұйырыпты. Айдаһармен екеуі қалғанда хан ауыр күрсініп, алтын тәжді оның басына кигізіп отырып: «Әкемнен мұра болып қалған осы алтын тәжді балама тапсыр» – деп дүниеден озыпты. Сонан бері жүздеген жылдар өтсе де алтын тәжді айдаһар Ақтөбенің астында жатқан көрінеді. Осыдан жүз жыл бұрын ерте көктемде осы төңіректе мал бағып жүрген бір адам басындағы алтын тәжі жаңадан шығып келе жатқан күннің көзіне шағылысқан айдаһарды көріпті. Аңыз 1979 жылы Ахметов Сейтқұлдан жазып алынды.

Үшінші аңыз. Осыдан екі жүз жылдай бұрын ерте көктемде, наурыз айының бас кезінде болса керек, бір жолаушы Ақтөбенің тұсынан өтіп бара жатқанда биік төбеге (бұл жерде цитадель сөз болып отыр – М.Е) өрмелеп бара жатқан жуандығы самаурындай жылан көріпті. Арада көп өтпей-ақ әлгі адам белгісіз дерттен мерт болыпты. Аңызды жеткізуші Әлмереков Сұлтанғазы. 1998 жыл.

Төрткүлтөбе туралы аңыздар. Ақтөбенің цитаделінен 0,6 км шығыста, ұзындығы 17 км ішкі ұзын қорғанның солтүстік-шығыс қақпасының жанында орналасқан үлкен төбені жергілікті халық «Төрткүл төбе», «Алтын төбе» немесе «Қырық есек алтын жасырған төбе» деп атайды. Осы төбеге қатысты екі аңыз бар.

Бірінші аңыз. Ертеректе қоймасы алтын-күміске толы бір хан Ақтөбені билепті. Бір күні қалмақ ханы Ақтөбені шабуға келе жатқанын естіген хан бар байлығын қырық есекке артып, күн бата қала қақпасынан шығып, Қырықүйге қарай кетеді. Түн ортасы болғанда қалаға қайта оралып, қырық есекке артылған қазынасын солтүстік-шығыс қақпа жанындағы бекініске жасырған екен. Қалмақтың қалың қолымен болған ұрыста хан қаза болып, оның қызынын қайда жасырғанын көпке дейін ешкім білмепті. Аңызды Шәуенов Жүзімқұл жеткізді. 1976 жыл.

Екінші аңыз. Жаугершілік заманда Ақтөбені байлығы ұшан-теңіз бір хан билепті. Күндердің бір күнінде аңдысқан жау қалаға жақындап қалғанын естіген хан бесін кезінде қырық есекке құм артып, оны батыс қақпадан шығарып, Тасөткелге қарай жібереді. Түн ортасы болғанда хан қазынасын қырық есекке артып Төрткүл төбеге апарып жасырған екен. Бұл аңызды айтушы Ахметов Сейтқұл. 1974 жыл.

1979 жылы Төрткүлтөбенің оңтүстік-батыс бұрышында жүргізілген кесік пен 1-қазбадан үш құрылыс кезеңінің құрылыстары ашылды. 2-құрылыс кезеңіндегі бөлмеден қалыңдығы 3,5 м қамалдан сыртқа шығатын ұзындығы 4 м, биіктігі 1 м іші құммен толтырылған жасырын жол ашылды (8-10 сурет). Төрткүлтөбеде 1988, 2012-2014 жылдарда жүргізілген қазбалардан көлемі 66 x 10,5 м бекініс ашылды (Елеуов, 2012: 35-36; Елеуов және т.б, 2017: 23-24; Елеуов, 2021: 69-73).




8-сурет. Төрткүлтөбе 1. М. Елеуов бойынша, 1979 жыл.

(Елеуов М., 2021. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының қорғаныс жүйесі // Қазақ университеті. Алматы. 106 б. 45- сурет)



9-сурет. Қызыл сызықпен қамалдан шығатын үңгір көрсетілген. М. Елеуов бойынша, 1979 жыл.

(Елеуов М., 2021. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының қорғаныс жүйесі // Қазақ университеті. Алматы. 106 б. 46-сурет)



10-сурет. Бекіністің жобасы мен кесіндісі. М. Елеуов бойынша, 1979 жыл.

(Елеуов М., 2021. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының қорғаныс жүйесі // Қазақ университеті. Алматы. 106 б. 47- сурет)

Үш қатар қорған мен қарауыл төбелер туралы аңыз. Бір заманда қаланы билеген Қарахан қаласын жаудан, қорыған мал мен аңнан қорғау үшін қаланы айналдыра үш қатар қамал салдырыпты. Көреген хан, сонымен қатар, жауды алыстан бақылап тұру және осы төңіректегі өзіне бағынышты қалалармен хабарласып отыру үшін Ақсу мен Қарабалта өзендерінің биік жарқабағына қарауыл төбелер үйдіріпті. Ақтөбе төңірегіндегі Қамысбек, Бозжорға, Жетіжар, Тоқтас, Қырықкүй және Орта төбелер сол Қарахан салдырған қарауыл төбелер болса керек дейді аңызда. Аңыз 1976 жылы Шәуенов Жүзімқұлдан жазып алынды.

Ақтөбенің шаруашылық аймағын сырттай қоршап жатқан ұзын қорғандарда әр жылдарда жүргізілген қазбалар барысында 1-ұзын қорғанның қалыңдығы 4,4-6 м, 2-ұзын қорғанның қалыңдығы 2-6 м, ал қалыңдығы 1,5-3 м қосалқы ұзын қорғандардың топырақтан үйілген ені (қалыңдығы) 8-12 м жалдың ішкі не сыртқы жағына қосарлана салынғаны (11-сурет) анықталды (Елеуов, 2012: 34; Елеуов. 2015:61-86).



11-сурет. Ортағасырлық Ақтөбе қалашығының бірінші ұзын қорғаны.
(Елеуов М., 2012. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының бұзылу тарихы: Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 120 б. Сур 7).

Қырықкүй, Жетіжар, Бозжорға туралы аңыздар.

Қырықкүй мұнарасы Ақсу ауылынан 5 км солтүстік-батыста Ақсу өзенінің оң жағасындағы Қырықкүй төрткүліне жақын жерде орналасқан. Аңыз бойынша Қырықкүй мұнарасында тұрған қарауылдар Тасөткел, Тоқтас жақтан жау көрінсе, Ақтөбедегі, оның төңірегіндегі биік жердегі Жетіжар, Бозжорға, Қамысбек, Ақсу, Ортатөбедегі қарауылдарға күндіз түтін түтетіп, түнде от жағып, ауа райы бұлтты, жауын-шашынды болса шабарман арқылы хабар берген. Аңызды Ахметов Сейтқұл жеткізді. 1974 жыл.

1988 жылы Қырықкүй мұнарасында байқау қазбасы жүргізіліп, оның пахсадан салынған мұнара екені анықталды (Елеуов, 2016: 11; Елеуов, 2021: 90).

Қарауыл төбе Жетіжар Ақсу ауылынан 5 км батыста, Қарабалта өзенінің сол жағасындағы биік жарқабақта орналасқан 1979 жылы мамыр айының соңғы күндерінің бірінде Қарабалта өзенінің сол жағасындағы биік жарқабақтың жиегінде, Қарабалта

керуен жолының жағасында тұрған қарауыл төбе Жетіжарды суретке түсіріп жүргенде Анарбеков Сапар ақсақал келді. Қарауыл төбенің үстінде тұрып, осы жерге қатысты бір аңызды айтып берді: «Бағзы заманнан бері Қарабалтаның сол жағасындағы бір-біріне іргелес тұрған жеті жар «Жетіжар» деп аталады екен. Ақтөбе үлкен шаһар болып тұрған кезде Шу өзеніндегі Тасөткелден оң жағаға өткен ескі керуен жолмен (Қарабалта керуен жолы – М.Е.) жүрген керуендер Шу, Ақсу, Қарабалта өзендерін жағалап келіп, осы төбенің жанымен өтіп, оңтүстікке қарай жүріп барып, бір үлкен жолды (Ұлы жібек жолын – М.Е.) кесіп өткен соң Алатаудың асуынан асып, Ыстықкөлге барған. Сол жолдың бойындағы биік жарқабақтағы осы қарауыл төбеде тұрған қарауылдарға Ақтөбенің төңірегіндегі барлық қарауыл төбелер көрінеді екен. Алыстан жау көрінсе, сол төбелерде тұрған қарауылдар от жағып, жан-жаққа хабар беріп отырған. Бірде ақтөбеліктер осы Жетіжарда тосыннан келген жаумен соғысып, көп адам мерт болыпты», – деген ол Жетіжардың үстінде тізбектеліп жатқан бірнеше обалар тобын көрсетті. Аңызды жеткізуші Анарбеков Сапар. 1979 жыл.

Бозжорға мұнарасы Ақсу ауылынан 8 км оңтүстік-шығыста, Ақсу өзенінің оң жағасындағы биік жерде орналасқан. Мұнара туралы аңызда: “Өте ертеде Ақтөбе қаласын билеген ханның тек жорыққа мінетін “Бозжорға” деген айғыры болыпты. Сол айғыр өзінің үйірімен Ақсу өзенінің оң жағасында жайылады екен. Бірде Алатау жақтан (ортағасырлық Төлек қаласы жақтан – М.Е.) қаптап келе жатқан жаудың қалың қолын көрген айғыр үйірін шұбыртып шапқан бетте Ақтөбенің қақпасына жетіп, қатты кісіней бастапты. Қаланы күзетіп тұрған қарауылдар “жау келді” деп жан-жаққа хабар беріп, жаудың келіп қалғанын ханға жеткізіпті. Бозжорғасына мінген хан жауға қарсы шауып, Қамысбек төбенің үстінде болған қанды ұрыста жауды жеңіп, шағын қолмен қоршауда қалған жаудың ханын жекпе-жекте өлтіріпті. Көреген хан сол ұрыс болған жерге биік мұнара салдырып, оны «Бозжорға» атапты. Биік мұнарада тұрған қарауылдар күндіз–түні жан-жақты бақылап отырады екен, алыстан жау көрінсе, олар күндіз түтін түтетіп, түнде от жағып, ақтөбеліктерге хабар таратқан» – дейді. Аңызды айтушы Әлмерекеов Бақыт. 2012 жыл.

1988 жылы Бозжорғада қазба жүргізіліп, көлемі 8 x 9,6 м, сақталған биіктігі 3,5 м мұнара (11-12 сурет) ашылды. Мұнара қалыңдығы 0,9 м пахса қабаттарынан тұрғызылған (Елеуов, 2016: 9).

Нәтижелер

Ақтөбе қалашығына қатысты аңыздар мен археологиялық деректерді салыстыра зерделеу арқылы ежелгі қалалану үдерісінің мәдени-тарихи негіздерін анықтау – бұл зерттеудің негізгі нәтижелерінің бірі. Мақалада қала жайлы халық жадында сақталған мифологиялық сипаттар мен археологиялық артефактілердің арасында тарихи сабақтастықтың бар екендігі көрсетілді. Бұл тәсіл аймақтың археологиялық және этномәдени ландшафтына деген пәнаралық көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Ақтөбе қалашығының кеңістіктік құрылымы мен тұрғындарының дүниетанымына қатысты сипаттамалар арқылы қаланың өзіндік қалалану бейнесін ғылыми тұрғыда қайта тіктеу көзделіп, археологиялық кешендердің ішкі құрылымы мен мәдени қабаттарының сипатын талдау арқылы қалашықтың әлеуметтік-экономикалық ұйымдасу ерекшеліктері туралы жаңа пайымдар ұсынылды.

Аңыздардағы рәміздік бейнелер мен қалаға қатысты киелілік ұғымдардың тарихи мәнін сараптау барысында рухани мәдениеттің қалалану үдерісімен өзара байланысын

ашып көрсетті. Бұл тұрғыда халықтық таным мен археологиялық фактілердің бір-бірін толықтырып отыратыны дәлелденді. Сонымен бірге, мұндай әдіснамалық тәсіл ауыз әдебиетін тарихи дерек көзі ретінде қарастырудың ғылыми әлеуетін күшейте түседі.

Зерттеу нәтижелері болашақта Ақтөбе қалашығына қатысты кешенді археологиялық және этнографиялық жұмыстар жүргізуге негіз бола алады. Сондай-ақ мақалада ұсынылған тұжырымдар мен әдіснамалық амалдар Қазақстан аумағындағы басқа да ортағасырлық қалаларға қатысты зерттеулерде қолданылуы мүмкін. Мұндай пәнаралық ізденістер отандық гуманитарлық ғылымды теориялық әрі қолданбалы тұрғыдан дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Осылайша біз бұл мақалада тарихи-мәдени мұра нысандарын кешенді түрде қараудың маңыздылығын көрсетіп, археологиялық және мифологиялық деректердің үйлесімді синтезін ұсынамыз. Бұл нәтижелер Ақтөбе қалашығының тарихи келбетін қайта жаңғыртуға, сонымен қатар ұлттық таным мен тарихи жадты тереңірек түсінуге үлес қосады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ортағасырлық Ақтөбе қаласы жайында ел ішінде тараған аңыз-әңгімелердің негізсіз еместігін археологиялық қазбалар нәтижесі дәлелдеп отыр. 1974 жылдан бастап 2017 жылға дейін жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстары барысында аңыздарда айтылған көптеген нысандар мен деректер шынайы қалалық құрылым ретінде жер бетіне шықты. Бұл – халқымыздың тарихи жадында сақталған фольклорлық мәліметтердің тарихи негізін дәлелдеуге мүмкіндік беретін маңызды нәтижелердің бірі.

Археологиялық зерттеулер кезінде қаланың орталық бөлігі саналатын цитадельден сарай кешені, шығыс моншасы, терең қазылған құдық, шахристанға апаратын үсті жабық өткел жол анықталды. Шахристан аумағынан қыш кесектен қаланған мұнаралар, ішкі дәліздер мен су құбырлары жүйелері табылды. Бұл – қаланың ішкі құрылымының дамығанын, тұрмыс-салттың өркеніетті сипат алғанын көрсетеді.

Төрткүлтөбе қалашығынан табылған бекініс пен одан сыртқа қарай тартылған жасырын жол қаланың қорғаныс жүйесінің күрделі болғанын байқатады. Ал шаруашылық аймағынан табылған түрлі бағыттағы су құбырлары – қала халқының тіршілігі үшін қажетті инфрақұрылымның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын аңғартады. Бұдан бөлек, Ақтөбені сырттай қоршап жатқан бірінші, екінші және қосалқы ұзын қорған дуалдары қаланың ауқымды әрі бекіністі орталық болғанын растайды. Сонымен қатар Бозжорға мен Қырықүй деп аталатын маңда жүргізілген қазбалар бұл төбелердің қарауыл мұнаралары болғанын дәлелдеді. Осы археологиялық айғақтар мен деректердің барлығы ел арасында ғасырлар бойы сақталған аңыз-әңгімелердің тарихи негізі бар екенін айғақтайды. Халық жадында көмескіленіп қалған шындық жаңғырып, нақты дерекпен үндескенде, «аңыз түбі – шындық» деген халық даналығы тағы бір мәрте расталып отыр. Демек, Ақтөбе қаласы жайлы фольклорлық мұралар – тарихи танымның көне, бірақ сенімді қайнарларының бірі. Осы тұрғыдан келгенде, фольклор мен археологияның тоғысуы – өткенімізді танудың сенімді жолы.

Зерттеу барысында Ақтөбе қаласының ежелгі және ортағасырлық даму тарихына қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынылды. Қалалану (урбанизация) үдерісінің аймақтық ерекшеліктері археологиялық деректермен салыстырыла отырып, көне мекендердің ішкі құрылымын, функционалдық сипатын және тарихи эволюциясын саралауға мүмкіндік берді. Әсіресе, мифологиялық-эпикалық аңыздар мен

археологиялық материалдарды өзара байланыстыра отырып, қала аумағындағы мәдени қабаттардың тарихи сабақтастығы дәлелденді.

Зерттеу нәтижесінде Ақтөбе өңірінің маңызды археологиялық нысандарының локализациясы нақтыланып, олардың кеңістіктік құрылымын ғылыми тұрғыдан сипаттауға жол ашылды. Сонымен қатар қайта тіктеу (реконструкциялау) үлгілері арқылы тарихи мекендердің бастапқы қалпын қалпына келтіру мүмкіндіктері бағаланды. Бұл ұсыныстар қаланың мәдени-тарихи келбетін сақтауға, туристік әлеуетін арттыруға және тарихи сана қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам бола алады.

Жалпы алғанда, зерттеу Ақтөбе қаласының қалалану кеңістігінде орын алған тарихи өзгерістер мен мәдени үдерістерді кешенді түрде зерделеуге жол ашты. Қалалану мен қайта тіктеу мәселелері қазіргі күнде ғылыми айналымға енгізіліп, қаланың даму болашағын тарихи мұрамен сабақтастырудың ғылыми негізін қалады.

Әдебиеттер тізімі

- Әбдуәли Қ., 2004. Қаңлы (тарихи шежіре). Алматы. «Дайк-Пресс» баспасы. 610 б.
- Әуезов М., 1962. Уақыт және әдебиет. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдеби баспасы. 428 б.
- Валиханов Ч.Ч., 1961. Заметки по истории южно-сибирских племен // Сочинения в 5-ти томах. Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР. Т.1. 391 б.
- Валиханов Ч.Ч., 1961. Исторические предания о батырах XVIII века// Сочинения в 5-ти томах. Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР. Т.1. 220-227 бб.
- Ел қазынасы ескі сөз. 1994. В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. Алматы. 616 б.
- Елеуов М., 2012. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының зерттелу тарихы: Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 105 б.
- Елеуов М., 2016. Ескерткіштер жинағы. Алматы: Қазақ университеті. 158 б.
- Елеуов М., Талеев Д., Есенов С., 2017. Шу-Талас өңірінің ұзын қорғанды қалалары/ жауапты ред. Ерсариев А.М. Монография. Алматы: Қазақ университеті. 114 б.
- Елеуов М., 2021. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының қорғаныс жүйесі. Қазақ университеті. Алматы. 106 б.
- Казахский фольклор в собрании, 1972. Г.Н. Потанин (Архивные материалы и публикации). Алма-Ата. 379 с.
- Қазақ әдебиетінің тарихы, 2008. Он томдық. Алматы: ҚазАқпарат. Т.3. 536 б.
- Қазақтың халық творчествосы, 1989. (Ә. Диваев жинаған материалдар). Алматы: Ғылым. 416 б.
- Қасқабасов С., 1984. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым. Ана тілі. 272 б.
- Қасқабасов С., 2009. Ойөріс. Алматы: Жібек жолы. 303 б.
- Қоңыратбаев Ә., 1991. Қазақ фольклорының тарихы // Құрастырып алғы сөзін жазған Ә. Қоңыратбаев. Алматы. 288 б.
- Марғұлан Ә., 1985. Ежелгі жыр аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар // Құрастырған Р.Бердібаев. Алматы: Жазушы. 368 б.
- Потанин Г.Н., 1917. Казак-киргизские алтайские предания, легенды и сказки. Петербург. 47-71 б.
- Уәлиханов Ш.Ш., 2010. Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы жазбалар // Ш.Ш.Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. 1том /2 басылым. Алматы: Толағай групп. 248-258 .

Уәлиханов Ш.Ш., 2010 а. Қырғыздар туралы жазбалар // Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. 2 том / 2 басылым. Алматы: Толағай групп. Б. 8-10.

Шалекенов У.Х., 1980. Актобе – средневековый памятник // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата. Б. 13-20.

Шалекенов У.Х., Оразбаев А.М., 1980. Некоторые данные о водопроводной системе средневекового города Актобе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата. Б. 24-38.

Reference

Abdualī, Q., 2004. Qañlı (tarīxī šejire) [Qangly (Historical Genealogy)]. Almaty: Daik-Press. 610 p. [in Kazakh].

Áuezov, M., 1962. Uaqyt jáne ádebiet [Time and Literature]. Almaty: Qazaqtyń Memlekettik Kórkem Ádebı Baspasy. 428 p. [in Kazakh].

Ualıhanov, Ch.Ch., 1961. Zametki po istorii yujno-sibirskikh plemen [Notes on the History of Southern Siberian Tribes]. In Sochineniya v 5-ti tomakh. Alma-Ata: Izd-vo AN Kaz SSR. 391 p. [in Russian].

Ualıhanov, Ch.Ch., 1961. Istoricheskie predaniya o batırah XVIII veka [Historical Legends about Batyrs of the 18th Century]. In Sochineniya v 5-ti tomakh. Alma-Ata: Izd-vo AN Kaz SSR. pp. 220-227. [in Russian].

El qazınasy eski sóz, 1994. B.B. Radlov jınağan qazaq folklorınıń úlgeri [National treasure is an old saying (Samples of Kazakh folklore collected by B.B. Radlov)]. Almaty. 616 p. [in Kazakh].

Elewov M., 2012. Ortağasırлық Aqtöbe qalasınıń zerttelw tarıxı: Joğarı oqw ornı stwdentterine arnalğan oqw quralı [The history of the exploration of the medieval city of Aktobe: A textbook for university students]. Almaty: Qazaq wñiversiteti. 105 p. [in Kazakh].

Elewov M., 2016. Eskertkişter jınağı [Collection of monuments] Almaty: Kazakh university. 158 p. [in Kazakh].

Elewov M., Taleev D., Esenov S., 2017. Şu-Talas öñiriniń uzın qorğandı qalaları [Long-mounded cities of the Shu-Talas region]. jawaptı red. Ersarıev A.M. Monografiya Almaty: kazakh university. 114 p. [in Kazakh].

Elewov M., 2021. Ortağasırлық Aqtöbe qalasınıń qorğanıs júyesi [The defense system of the medieval city of Aktobe]. Kazakh university. Almaty. 106 p. [in Kazakh].

Kazakhskiy fol'klor v sobranii, 1972. G.N. Potanina (Arkhiwnyye materialy i publikatsii) [Kazakh folklore in collection. G.N. Potanina (Archival materials and publications)]. Alma-Ata. 379 p. [in Russian].

Qazaq ádebietiiniń tarıxı, 2008. On tomdıq [History of Kazakh literature (Ten volumes)]. Almaty: KazAkform. V. 3. 536 p. [in Kazakh].

Qazaqtıń xalıq tvorçestvosı (Ä. Dıvaev jnağan materialdar), 1989. [Kazakh folk art (Materials collected by A. Divaev)]. Almaty: Nauka. 416 p [in Kazakh].

Qasqabasov S., 1984. Qazaqtıń xalıq prozası [Kazakh folk prose] Almaty: Nauka, Ana tili. 272 p [in Kazakh].

Qasqabasov S., 2009. Oyöris [Thoughts]. Almaty: Jibek jolı. 303 p. [in Kazakh].

Qoñıratbaev Ä., 1991. Qazaq folklorınıń tarıxı [History of Kazakh folklore]. Qurastırıp alğı sózin jazğan Ä., Qoñıratbaev. Almaty. 288 p. [in Kazakh].

Marğulan Ä., 1985. Ejelgi jır añızdar: Ğılımi-zerttew maqalalar [Ancient Poems and Legends: scientific research articles]. Qurastırğan R. Berdibaev. Almaty: Jazwşı. 368 p. [in Kazakh].

Potanin G.N., 1917. Kazak-kirgizskiye altayskiye predaniya, legendy i skazki [Cossack-Kyrgyz Altai legends, legends and fairy tales]. Peterburg. P. 47-71 [in Russian].

Алғаш рет Бұлғар мемлекеті мен Қазан хандығы тарихына қатысты татар тілінде еңбек жазған Ш. Маржани өзінің еңбегін «Гилалат аз-заман фи-тарихи Булгар уа Казан» («Бұлғар мен Қазан тарихын жауып тұрған шымылдық») деп атады. Еңбек шығыстанушы В.В. Радлов тарапынан орыс тіліне аударылды. 1877 жылдың 31 шілдесі мен 18 тамызы аралығында Қазан қаласында өткен IV археологиялық съездің жұмысына белсене қатысқан Ш. Маржани өзінің еңбегін оқыды. Баяндама ретінде қысқартылған еңбекті татар тілінде Ш. Маржани, ал орыс тілінде В.В. Радлов оқып шықты. Екі тілдегі баяндаманың мазмұны 1884 жылы съезд кезінде жасалған басқа да баяндамалармен бірге жарияланды (Труды Четвертого Археологического съезда в России, бывшего в Казани с 31 июля по 18 августа 1877 года, Т.1. 1884).

Алайда түркі тарихына қатысты Ш. Маржани мұрасының ішінде ең жауһары, ең ұлысы мен танымалы ретінде «Мустафад әл-ахбар фи ахвали Казан уа Бұлғар» («Қазан және Бұлғар тарихы үшін жиналған мәліметтер») еңбегін атай аламыз. Бұл еңбекте Ш. Маржани өзінің ағартушылыққа деген ұмтылысын, түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты терең зерттеулер жүргізгенін жан-жақты көрсетті. Шыңғыс хан дәуірінен кейінгі хандықтар мен мемлекет билеушілерінің тарихына қатысты ортағасырлық, әдеби және нумизматикалық жәдігерлерді бір арнаға топтастырған Ш. Маржани бұл шығармасында өткен бабалардың тарихын қарастыруда жан-жақты зерттеу жүргізгенін көрсетті. Еңбектің бірінші кітабы 1885 жылы, екіншісі 1900 жылы жарыққа шықты. Кеңес кезеңінде Ш. Маржани еңбектеріне тыйым салынғаны белгілі. Алайда бұл еңбек соңғы уақыттағы идеологиялық өзгеріс арқасында көпке мәлім бола бастады. 1989 жылы Қазанда еңбектің кириллица емлесінде татар тіліндегі аудармасы шықты. Бірақ идеологияға байланысты оның ішінде Алтын Орда, одан кейін қалыптасқан хандықтардың тарихы аударылмады, тек Қазан, Астрахань, Кирман хандықтары тарихы сипатталды (Мөстәфадел-әхбар фи әхвали Казан вә Болгар, 1989). 2008 жылы Ш. Маржани еңбегі түрік тіліне аударылып, шығарылды (Müstefadü'l-Ahbar fi ahval-i Kazan ve Bulgar, 2008). Бұл еңбек толығымен 1989 жылы Қазанда жарыққа шыққан еңбектің аудармасы болды. 2005 жылы еңбектің бірінші томы орыс тілінде шыққанын атап өту керек (Извлечение вестей о состоянии Казани и Булгара, Ч.1. 2005).

Жоғарыда келтірілген еңбектер – Ш. Маржанидің ең белгілі тарихи шығармалары. Бүгінгі таңда олар ғылыми айналымда кеңінен қолданылып, шетелдік тілдерге аударылып жатыр, түркі халықтарының тарихы мен жеке тұлғалардың ғұмырын сипаттауда таптырмас дереккөз ретінде айтуға да болады. Бірақ Ш. Маржанидің көпшілікке беймәлім тағы бір тарихи еңбегінің бар екендігі беймәлім. 1864 жылы Қазан қаласындағы «Дар әл-Фунун» баспасынан аз таралымда ғана шығып, сатылымға түспеген. «Гурфат ал-хевакин ли арфати әл-хавакин» («Қағандарды тануда бір уыс білім») деген шығарма. Орта ғасырда Мәуераннахр жерін иеленген түркі-мұсылман Қарахан мемлекетін сипаттаған бұл еңбекте Ш. Маржани дереккөздер мен нумизматикалық жәдігерлер негізінде моңғол шапқыншылығына дейінгі Орта Азияның тарихын сипаттауды мақсат етті. Өкінішке қарай, бұл шығарма сатылымға түспеуіне байланысты ұзақ уақыт бойы беймәлім болды: «Аз таралымда шығуы мен сатылымға түспеуі себепті бұл еңбек В.В. Бартольд пен басқа да Орта Азияның білгірлері көзінен таса қалды» (Юсупов, 1981: 72). Зерттеудің басты мақсаты – Ш. Маржанидың бұл еңбегіне талдау жасап, оның ерекшеліктері мен тарихтағы мұрасына баға беру болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы барысында Ш. Маржанидің «Гурфат ал-хевакин ли арфати әл-хавакин» еңбегі басшылыққа алынды. Бүгінгі таңда бұл еңбектің түпнұсқасы Қазан қаласында, ал көшірмесі Ташкент қаласында сақтаулы. Бұл орайда түркиялық тарихшы Ө.С. Хунканның Ташкент қаласындағы қолжазба көшірмесін 2009 жылы түрік тіліне аударып, 2020 жылы жарыққа шығарған еңбегі зерттеу барысында қолданысқа алынды (Hunkan, 2020).

Қарахан мемлекетінің тарихын тарихи дереккөздер, нумизматикалық және әдеби шығармалар негізінде талдап беруге тырысқан Ш. Маржанидің бұл еңбегі бүгінгі таңда бұл тақырыптағы маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Нумизматиканың ғылым ретінде қалыптасуына дейін оны өз еңбектерінде кеңінен қолданған Ш. Маржани

бұл ретте өзі көріп, жазып алған нумизматикалық мәліметтерді батыл қолдана білді. Ғалымның тарапынан қолданылған кей нумизматикалық мәліметтерді саралап, салыстыру мақсатында 2006 жылы жарыққа шыққан Б.Д. Кочневтің еңбегі пайдаланылды (Кочнев, 2006). Батыстық әлемде Қарахан мемлекеті билеушілерінің ұйғырлардан тарады деген көзқарастың кеңінен таралуына орай Ш. Марджанидің де олардың ықпалымен осы тұжырымдаманы қабылдағанын көруге болады. Бұл ретте Й. де Гинь, В.В. Григорьев, Ю.Г. Клапроттың еңбектерін мысал ретінде алуға болады (J. de Guignes, С.Ш, 2018; Григорьев, 1863; Klaproth, 1826: 129). Сонымен қатар тарихшының ойлары мен тұжырымдамаларын қуаттау мақсатында Ибн Халликан мен әл-Утби сияқты тарихшылардың еңбектері де негізге алынды (Ibn Khallikan's Biographical Dictionary, V.I, 1843; Ibn Khallikan's Biographical Dictionary, V.III, 1868; Kitab-I Yamini, 1858).

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізін тарихи-салыстырмалы, деректанулық және баяндау әдістері құрайды. Аталған әдістер Қарахан мемлекетінің тарихын жан-жақты сипаттауға, сондай-ақ Ш. Маржанидің еңбегінің деректік маңызын айқындауға, тақырыпқа талдау жасау кезінде объективті қарауға, оның басқа ғылыми еңбектерден артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері Ш. Маржанидің мұрасын тереңірек зерделеп, оны ғылыми айналымға кеңінен енгізуге бағытталды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Ш. Маржанидің жазып қалдырған «Гурфат ал-хевакин ли арфати әл-хавакин» еңбегіне назар аударсақ, тақырыптың зерттелу дәрежесін екі түрлі аспекті шеңберінде талдауға мүмкін болатыны аңғарылады. Бірінші кезекте ол Ш. Маржаниға дейін Қарахан әулеті тарихының зерттелу мәселесіне қатысты болса, екінші кезекте Ш. Маржанидің еңбегінің зерттелуіне қатысты.

Бұл зерттеуде талқыға түскен Қарахан мемлекеті тарихын зерделеу алғашқыда Осман империясындағы ғалым әрі сарай тарихшысы Ахмет ибн Лұтфуллаһ (Мұнажжимбаши Ахмет Деде) тарапынан жазылған «Сахаиф әл-ахбар фи вакаий әл-асар» атты еңбегінде, «Түркістандық қағандар» деген бөлімде кездеседі (Григорьев, 1883: 5). Еңбекті жазарда автор ортағасырлық араб тарихшысы Әбу әл-Хасан Изз ад-Дин Әли ибн Мұхаммед әл-Жазаридің «әл-Кәмил фи-т-тарихын» («Толық тарих») пайдаланып, алғаш рет Қарахан мемлекетіне қатысты мәліметтерді бір арнаға жинады. Бұл еңбек XIX ғасырдың ортасына дейін Еуропада Қарахан мемлекетіне қатысты жазылған зерттеулерге негіз болды. М.Х. Юсупов атап өткендей: «Ш. Маржани еңбегі жарыққа шыққанға дейін Орта Азия тарихындағы бұл кезең туралы аздаған мәліметтер еуропалық ғалымдар қолданған түрік тарихшысы Мұнажжимбашидің «Сахаиф әл-ахбар» еңбегінде болды» (Юсупов, 1981: 73).

Еуропа үшін қарахандықтардың тарихын қысқа болса да, объективті түрде алғаш болып француз шығыстанушысы Йозеф де Гинь жеткізді. «Histoire generale des Huns, des Mongoles, des Turcs et des autres Tartares occidentaux» («Ғұн, моңғол, түрік және басқа да батыс татарлардың жалпы тарихы») атты еңбегінің бірінші томында қарахандықтар мен Самани әулетінің соғыстарын, қарахандық Шахаб ад-Даула Боғраның Бұхараны жаулауын, оның ұрпақтарының Самани әулетін құлатқанын сипаттады (J. de Guignes, С.I, 2018: 589). Екінші томда қарахандық билеуші Ілік хан Насыр ибн Әлидің ғазнауилік сұлтан Йамин ад-Даула Махмұтпен некелік байланысы, екі билеуші арасындағы Хорасандағы соғыс сипатталады (J. de Guignes, С.II, 2018: 41-43). Үшінші томда автор

қарахандық билеушілерді ұйғырлармен қатар қойып, бұл әулеттің ұйғырлардан тарағандығын көрсетті (J. de Guignes, С.ІІІ, 2018: 639). Йозеф де Гиньнің бұл әулетті ұйғыр тайпаларымен байланыстырғанынан кейін барлық дерлік еуропалық ғалымдар Қарахан әулетінен шыққан билеушілердің ұйғырлардан тарағанын келтіреді. 1826 жылы неміс ғалымы Юлиус Генрих Клапрот «Tableux historiques de L'Asie» («Азияның тарихи кестелері») атты еңбегінде: «.....[ұйғырдан шыққан] бірнеше хандар арқылы басқарылып, олар Таңғұттың үлкен аумағын иеленді және батыста Сихунға (Яксарт) дейін созылды» (Klaproth, 1826: 129). 1826 жылы Қарахан әулетіне тән тиындарға зерттеу жүргізген Христиан Данилович Френ де бұл әулет мүшелерін «Түркістандағы ұйғырлар» деп атап, олардың шығу тегін ұйғырлармен байланыстырды (Fraehn, 1826: 122-141, 589-594). Бұл тақырыпта Жан-Пьер Абель-Ремюза (1820), Жозеф Туссен Рено (1848), Йозеф фон Хаммер-Пургшталь (1835), Густав Вейль (1851) де ой қозғады (Pritsak, 1977: 252). Әрине, бұл ғалымдардың еңбектерін көзден таса қалдыруға болмайды, бұл әулеттің тарихына байланысты көптеген дереккөздердің көбі сол уақытта әлі де болса көпшілікке белгісіз еді, олар тек өздеріне мәлім және қолжетімді материалдармен жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Алдымен Х.Д. Френ, кейіннен Б.Д. Андреевич, П.С. Савельев, К.И. Торнберг сияқты нумизматтардан кейін бұл әулеттің тарихына қатысты зерттеулерді орыс тарихшысы және шығыстанушысы В.В.Григорьев бастады. 1863 жылы жарияланған «Неизданные монеты уйгурских владельцев Мавераннагра» шығармасында В.В.Григорьев қарахандық кезеңге жататын Бұхара қаласынан жіберілген жеті тиынға зерттеу жүргізіп, олардың ХІ ғасырдың алғашқы ширегінде соғылғанын жазды (Григорьев, 1863: 2-12). Сонымен қатар В.В. Григорьев бұл әулетті құрған халықтар ретінде ұйғырларды атап өтті (Григорьев, 1863: 1). Бірақ 1873 жылы шыққан «Восточный или Китайский Туркестан» атты еңбегінде Қарахан мемлекетінің мәселесін қайта қозғап, осы жолы олардың ұйғыр емес, қарлұқ тайпасынан шыққанын келтірді (Григорьев, 1873: 283). Бұғанға дейін Қарахан мемлекетін «Мәуераннахрдың Ұйғыр иелері» деп атап келген В.В. Григорьев 1874 жылы шыққан «Қараханиды в Мавераннахре по Тарихи Мунедджим-баши» атты еңбегінде османдық тарихшы Ахмет Деде Мұнажжимбашидің «Сахаиф әл-ахбар» еңбегін орыс тіліне аударды. Ол жерде бұл әулетке қатысты «Қарахан» атауын қолдануды жөн көрді: «Мен, жиырма жыл бұрын осы билеушілердің басылмаған теңгелерін сипаттауда оларды «Мәуераннахрдың ұйғыр иелері» деген атпен атадым. Бірақ олардың ұйғырларға еш қатысы жоқ екендігі белгілі болғаннан кейін бұл атаудан бас тарттым. Бұдан былай бұл көпесімді әулетті Исламды алғаш қабылдаған билеушісінің атымен Қарахан деп атауды жөн көрдім» (Григорьев, 1883: 6).

Қарахандықтардың тарихын сипаттауда қазақтардың арасында алғаш болып тоқталып өткен Ш.Ш. Уәлихановтың да есімін ұмытпаған жөн. Атақты Қашғар саяхаты барысында Шығыс Түркістанға барып келген Ш.Ш. Уәлиханов аймақтың тарихы мен халқына қатысты мәлімет жинаумен қатар, өзімен бірге бірқатар ортағасырлық дереккөздерді алып келді. Осы дереккөздердің ішінде зерттеу жұмысына қатысты «Тазкира-йн султан Сутук-Бугра-хан-газы» («Сатұқ-Боғра-хан тарихы») атты ерекше бір дереккөзді атауға болады (Валиханов, 1985а: 337). Нәтижесінде Ш.Ш. Уәлихановтың қолына құндылығы және тілдік байлығы жағынан «мұсылман» Қарахан мемлекетінің тарихына қатысты ерекше бір дереккөз түсті. Ш.Ш. Уәлиханов бұл еңбектен саманилік дін уағыздаушы, ханзада Әбу Насыр Саманидің есіміне тоқталып, оған қатысты мәліметтерді аударып қана қоймай, қарахандық теңгелерді де кішкентай көлемде аударуға тырысты (Валиханов, 1985б: 116-119). Кейіннен 1868 жылы Қашғарға барып

қайтқан ағылшын зерттеушісі мен дипломаты Роберт Баркли Шоу «Тазкира-йн Богра хан» еңбегін 1878 жылы Калькутта қаласында ағылшын тіліне аударып, «A sketch of the Turkic language as spoken in Eastern Turkistan» («Шығыс Түркістанда сөйлейтін түркі тілінің очеркі») деген атаумен еуропалық тарих қоғамына таныстырды (Shaw, 1878).

Ш. Маржани тарапынан жазылған «Гурфат әл-хавакин ли арфати әл-хавакин» еңбегіне алғаш болып назар аударған тарихшы ретінде башқұрт халқынан шыққан қоғам қайраткері мен зерттеушісі А.З. Валидиді (Ахмед Заки Уәлиди Тоған) атауға болады. 1914 жылы татарлардың «Аң» журналында А.З. Уәлиди «Шихаб хәзрәтнең Урта Азия тарихына караган бөек хәзмәте» («Шихаб хазреттің Орта Азия тарихына қатысты ұлы еңбегі») мақаласын жариялап, еңбекті В.В. Бартольдтың шығармасына дейін Қарахан әулетіне қатысты үздік әрі толық зерттеу ретінде көрсетеді (Салихов, 2001: 33-34). Сонымен қатар «Еділ бойы халықтарының тарихын зерттеуде «Мұстафад әл-ахбар..» еңбегі маңызды дереккөз болса, «Гурфат ал-хавакин...» X-XII ғасырлар кезеңіндегі Орта Азия тарихын зерттеуде сондай орын алатындығы» айтылды (Юсупов, 1981: 72-73).

Бүгінгі таңда «Гурфат ал-хевакин ли арфати әл-хавакин» еңбегіне қатысты зерттеулер түркиялық ғалым Өмер Сонер Хункан есімімен байланысты. Қарахан мемлекетіндегі билеуші әулет пен жергілікті улема арасындағы қарым-қатынастарды зерттеуде Ш. Маржани еңбегін басшылыққа алған Ө.С. Хункан алдымен 2010 жылы (Hunkan, 2010), кейін 2016 жылы (Hunkan, 2016) бұл тақырыпта мақала жазды. 2009 жылы Ө.С. Хункан Ш. Маржанидің «Гурфат әл-хевакин ли арфати әл-хавакин» еңбегінің Ташкенттегі көшірмесі негізінде «Kazanlı Türk Bilgini Şehabeddin Mercani ve Gurfetü'l-Hevakin li Urfeti'l-Navakin'e göre Satuk Buğra han ve oğulları (921-1212)» («Қазандық түрік ғалымы Шиһабуддин Маржани мен Гурфат ал-хавакин ли арфати әл-хавакинге қарағанда Сатұқ Боғра мен ұрпақтары (921-1212)» еңбегін жазды. Бұл зерттеуді жүргізуде Ө.С. Хунканның 2020 жылы басып шығарылған еңбегі қолданылды (Hunkan, 2020).

Талдау

Ш. Маржанидің Қарахан мемлекетінің тарихымен танысуы Орта Азияда білім алған тұста басталды. 1838 жылы білімін кеңейту мақсатында Орта Азияға аттанған Ш. Маржани алдымен Бұхарада тұрақтап, «Көкілташ» және «Мир Араб» медреселерінде білім ала бастады, бірақ жергілікті ұстаздардың біліміне қанағаттанбай, кітапханаларда сақталған дереккөздер мен өткен ғұламалардың еңбектерін зерделеумен жүрді (Юсупов, 1981: 26). Кейіннен Бұхара қаласынан Самарқан қаласына кетіп, білімін сол жерде жалғастырады. Орта Азияда жүрген шағында Ш. Маржанидің қолына бұған дейін аты көп атала қоймаған, бірақ барлық орта ғасырлық дереккөздерде үзілді-кесілді сипатталған беймәлім түркі-мұсылман қағандарының мемлекеті туралы мәліметтер кезіге бастады. Осылайша Ш. Маржаниға бұл әулеттің тарихын алғаш болып дереккөздер негізінде сипаттауға мүмкіндік туды.

Мәселен, Ш. Маржани алғаш болып Қарахан мемлекетінің тарихына қатысты дереккөз ретінде ортағасырлық тарихшы, Ғазнауи мемлекеті сарайында қызмет атқарған Әбу Насыр Мұхаммед ибн Әбдұлжаббар әл-Утбидің «Тарихи әл-Йамини» еңбегін пайдаланды. Ғазнауилік билеушілер Насыр ад-Дин Себуктегін мен оның ұлы сұлтан Йамин ад-Даула Махмұт туралы мәліметтер бір арнаға жинақталған бұл еңбекте қарахандық билеушілер Боғра хан Харун, Ілік хан Насыр, Тоған хан Ахмет, Арслан хан Мансұрдың, Қадыр хан Жүсіпке қатысты мәліметтер де кездеседі (Kitab-I Yamini, 1858: 117-119, 123-129, 247-268, 315-317, 330-339, 371-373, 431-436).

Қарахандықтардың Самани мемлекетін жаулауы, Ілік ханның Себуктегін мен ұлы сұлтан Махмұтпен қарым-қатынасы, 1006 жылғы Хорасан жеріне жорығы, 1008 жылы Балх маңында екі мемлекеттің арасындағы шайқас, Тоған ханның шығыстан басып кірген қидан тайпаларына қарсы күресін сипаттауда Ш. Маржани толықтай «Тарихи әл-Йамини» еңбегіне сүйенді. Көп жағдайда толығымен Утбидің мәліметтерін көшіріп, оларға өзгертулер немесе салыстырма жасамаған Ш. Маржани Бейхакидің, Гардизидің, Хондмирдің, Ибн әл-Асирдің, Мирхондтың, Шабангерейдің еңбектерін қолданбады. Бұл дереккөздер де Хорасан аймағы үшін Қарахандар мен Ғазнауиліктердің арасындағы соғыс туралы қосалқы мәліметтер берілгені мәлім.

Қарахан мемлекеті тарихындағы алғашқы мұсылман билеуші ретінде танылған Сатұқ Боғра ханның тұлғасын сипаттауда Ш. Маржани Ахмет ибн Са`д әл-Аргуни тарапынан жазылған «Тазкира-и Сатұқ Боғра хан» атты еңбекке сүйенген. Сатұқ Боғра ханның дүниеге келуі, ер жетуі, Әбу Насыр ас-Саманидің арқасында мұсылман болуы, Қашғарды жаулауы, одан тараған ұлдары мен қыздарына қатысты мәліметтер осы еңбектен алынды: «Ахмет ибн Са`д әл-Аргуни жазған Боғра хан Тазкиратына қарағанда ол 333 жылы дүниеге келді. Әкесі қайтыс болғанда жеті жаста болды. Кейін әкесінің бауыры Харун Боғра хан оның анасына үйленді. Әкесінің бауырының қолында ер жетті және тәрбиеленді. Он екі жасқа толғанда Шейх Әбу Насыр ас-Саманидің арқасында мұсылман атанды. Керемет бір мұсылман болды. Кейін онымен әкесінің бауыры Боғра хан арасында шайқасқа жеткізген бір жағдай болды. Арадағы соғыста Сираж ад-Даула (Сатұқ Боғра хан) жеңіске жетті және түркілерге билеуші болып, аймақты жаулап алды. Кейін 429 жылы Қашғарда қайтыс болды. Тоқсан алты жыл өмір сүрді» (Hunkan, 2020: 61). Қысқа түрде Сатұқ Боғра ханның өміріне сипаттама беруге тырысқан Ш.Маржани бұл қарахандық билеушінің өз әкесінің бауыры Харун Боғра ханмен (Боғра хан Оғұлшақ) тартысының қалай болғандығы, оның ұрпақтарының Қашғар жерінде пұтқа табынушы билеушілермен соғысы, Хотан аймағын оның ұрпағы Жүсіп Қадыр ханның жаулауы туралы мәліметтерді келтірмей өтті (Shaw, 1878: 87-109).

Қарахан мемлекеті тұсында жазылған еңбектерге тоқталған Ш. Маржани Тамғаш хан (Ибраһим ибн Насыр – авт.) кезінде Мажд ад-Дин Мұхаммед ибн Аднанның (толық аты-жөні аш-Шейх әл-Имам Мажд ад-Дин Мұхаммед ибн Аднан ибн Мұхаммед ибн Ахмет әл-Ханафи әл-Факих) оған арнап бір Хитай тарихын жазғанын келтіреді: «Ол үшін аш-Шайхұл (Шейх әл-Имам) Имам Мажд ад-Дин Мұхаммед ибн Аднан ибн Мұхаммед ибн Ахмет әл-Хана-фи әл-Факих (Ханафи-әл-Факих) бір Хитай тарихын жазды. Ол жерде түркі халықтары, бұл аймақтың ағаттықтары мен Сұлтан Мәлік ибн Алп Арслан ибн Дәуіт ас-Селжүкидің Тамғаш ханның қызы Тұркан хатунға үйленгені айтылады» (Hunkan, 2020: 80-81). Мажд ад-Дин Мұхаммед ибн Аднанның өмірі туралы мәлімет мүлдем жоқ, тек оның Садид ад-Дин Мұхаммед әл-Ауфидің анасы жағынан туысы болғаны және «Джавами әл-хикайат ва лавами ар-ривайат» («Жарқын тарих және әңгімелер жинағы») атты еңбекте есімі және «Тарих-и Түркістан» еңбегінің аталғаны белгілі. Марвазидің еңбегіне түсіндірмелер жазған В.В. Минорский да Мажд ад-Дин Мұхаммед ибн Аднанның келтірілген екі еңбегін атап өтеді (Sharaf al-Zaman Tahir Marvazi on China, the Turcs and India, 1942: 157). Осылайша ғылымда Мажд ад-Дин Мұхаммед ибн Аднанның «Хитай тарихы» және «Тарих-и Түркістан» атты еңбектері болғандығы атап өтілді. Қазіргі уақытқа дейін жетпеген бұл еңбекке кейіннен Михаль Биран назар аударып, Мажд ад-Дин Мұхаммед ибн Аднанның тек «Тарих-и Түркістан» атты еңбектің авторы болғанын атап өтті. Оның ойынша «Тарих-и Хитай» еңбегі кейін, XV ғасырда Әмір Темірдің Қытайға жіберген елшілері тарапынан жазылған-ды (Birán,

2005: 9). Бұл болжаммен Д.М. Тимохин да келіседі (Тимохин, 2021: 63-64). В.В. Бартольд та бұл мәселеге тоқталып, «Тарих-и Түркістан» еңбегінің Тамғаш ханға, яғни Ибраһим ибн Насырға емес, одан біржарым ғасыр кейін өмір сүрген Тамғаш хан Ибраһим ибн әл-Құсайын есімді билеушіге арналғанын жазды (Бартольд, 1963: 63).

Қарахан мемлекеті мен Ұлы Селжұқ империясы арасындағы байланыстарға мәліметтерді бір арнаға жинаған зерттеушілердің бірі де Ш. Маржани болды. Қарахандықтарға қатысты қатысты тың дереккөздердің жетіспеушілігіне орай Ш. Маржани алдымен ғазнауилік (жоғарыда аталып өткен «Тарих-и Йамини»), кейін Селжұқ мемлекетіне қатысты жазылған дереккөздердегі үзінділерді қолданды. Мысалы, «Гурфат ал-хевакин ли арфати әл-хавакин» еңбегінің басында Әбу Мұхаммед әл-Курашидің «әл-Джавахир әл-мүдиййа фи-табакат әл-ханафиййа» еңбегінде келтірілген мәліметтер негізінде қарахандық билеуші (Шамс әл-Мүлк Насыр) мен селжұқтардың сұлтаны Алп Арсланның хат алмасуы, нәтижесінде екі мемлекеттің арасында бейбітшіліктің орнауын сипаттап өтті (Hunkan, 2020: 54).

Селжұқтардың Қарахан мемлекетімен байланысын сипаттауда Ш. Маржани тарапынан қолданылған деректердің бірі – Әбу әл-Аббас Шамс ад-Дин Ахмет ибн Мұхаммед ибн Әбу Бакр ибн Халликанның «Вафайат әл-а'йан уә анба анба аз-заманы» («Асыл тұлғалардың азнамасы мен олардың замандастары туралы жазбалар») болды. Бұл еңбекте Ислам тарихында маңызды орын алған ғұламалар, философтар мен мемлекет қызметкерлерінің өмірі сипатталады. Селжұқ мемлекеті билеушілеріне қатысты мәліметтер жиналған бұл еңбекте Ш. Маржани олардың Қарахан мемлекетімен қарым-қатынастары туралы айтты. Ибн Халликанның еңбегін негізге ала отырып, Ш. Маржани Селжұқ мемлекетінің бастауында болған Тұғырыл мен Шағры бектердің Мәуераннахрдағы оқиғасын, сұлтан Алп Арсланның 1072 жылы қарахандықтарға қарсы Мәуераннахр жорығын, ұлы Мәлікшахтың дәуірінде Қарахан мемлекетінің селжұқтарға бағынғанын, Мәлікшахтың ұлы Барқийарұқтың кезінде Мәуераннахрға жасалған шапқыншылықты, сұлтан Санжардың кезінде Мәуераннахрдың оған бағынғанын жазды (Ibn Khallikan's Biographical Dictionary, V.I, 1843: 251, 600; Ibn Khallikan's Biographical Dictionary, V.III, 1868: 226, 230, 441).

Өмір Темір ұрпақтары тұсында сарай тарихшысы болған Мұхаммед ибн Хавандшах Мирхондтың «Раузатәс-Сафафисиратәл-анбийауа-л-мулукуа-л-хулафа» («Әулиелердің, патшалардың және халифтердің өміріне байланысты тазалық бағы») еңбегін негізге ала отыра Ш. Маржани Тамғаш ханның қызы Тұркан хатунның селжұқтардың сұлтаны Мәлікшахпен некесі нәтижесінде сұлтан Махмұт ибн Мәлікшахтың туылғанын, кейін Махмұттың өз ағасы Барқийарұқпен соғысын сипаттап өтті (Hunkan, 2020: 81). Басқа бір селжұқ сұлтаны Санжар ас-Селжұқидің Қарахан мемлекетіне қарсы жорығын, Самарқанды қоршауға алып, Ахмет хан есімді билеушіні тұтқындағанын келтіреді (Hunkan, 2020: 86). Сонымен қатар сұлтан Мәлікшахтың Самарқанды қоршап, Сүлеймен атты билеушінің тұтқындалып, Исфахан қаласына жіберілгенін, ал оның Мұхаммед ибн Сүлеймен тұсында қарахандықтардың селжұқ билеушілеріне қарсы көтеріліс жасағаны жайлы мәліметтерді де қолданды (Hunkan, 2020: 88). Мирхондтың мәліметіне қоса Ш. Маржани Илхандар мемлекетінің билеушісі Әбу Саидтың тұсында тарихшы болған Мұхаммед ибн Әли ибн Мұхаммед ибн Хұсейн Шабангерейдің «Межма әл-ансаб» еңбегін де пайдаланып, селжұқтардың Қарахан мемлекетіне жорықтары туралы мәліметтерге де сілтеме жасап өтті (Hunkan, 2020: 88).

Қарахан мемлекетінің тарихын сипаттауда ортағасырлық дереккөздердің ішінде ең басты мәлімет беретін шығарма ретінде Әбу әл-Хасан Изз ад-Дин Әли ибн Мұхаммед әл-Жазаридің «әл-Кәмил фи-т-тарихын» («Толық тарих») атап өту керек. Қарахандық Боғра хан Хасан есімді билеушінің алғаш болып Бұхараны жаулауы, Қарахан мемлекеті мен Ғазнауи мемлекеті арасындағы Хорасан үшін соғыстарды, жекелеген билеушілердің тарихы, Сатұқ Боғра ханның исламды қабылдауы, оның ұрпақтарына қатысты мәліметтерді беруде бірден-бір мәлімет көзі ретінде танылған бұл еңбекті, өкінішке қарай, Ш. Маржани өз еңбегін жазуда көп қолданбады. Өзінің шығармасын жазу барысында Ш. Маржани «әл-Кәмил фи-т-тарихын» тек бір жерде, Ілік хан Насыр ибн Әли атты билеуші есімінің дұрыс жазылуына байланысты тұста ғана қолданумен шектеліп қалды. Бұл Ш. Маржани еңбегіндегі кемшіліктердің бірі. Бұл туралы Ө.С. Хункан да атап өтті: «Сатұқ Боғра ханның исламды қабылдауы мен ұлдарының (ұрпақтарының – авт.) кезеңдері туралы кейде ерекше, кейде қысқа және жұпыны, бірақ көп мөлшерде түпнұсқа мәліметтер берген орта ғасырдың ұлы тарихшысы Ибн әл-Асирдан алған мәліметтің, тек Ілік Насырдың есіміне қатысты бір мәселеге байланысты шектеліп қалуы Шиһабеддин Маржани еңбегінің ең үлкен кемшілігі. Бұл себепті ең басында Сатұқ Боғра ханның мұсылман атауының қате жазылуы мен ұрпақтарының шежіресіндегі қателіктердің көп болуы бұл кемшілікке байланысты» (Hunkan, 2020: 22). Нәтижесінде, «Гурфат ал-хевакин ли арфати әл-хавакин» еңбегінде есімдері аталған көптеген билеушілердің есімдерінде қателіктер орын алды.

Жоғарыда келтірілген еңбектерден бөлек Ш. Маржани аз мөлшерде болса да Рашид ад-Дин Фазлуллаһ Хамаданидің «Жамиғ ат-тауарихы» («Жылнамалар жинағы») мен Ахмет ибн Махмұт Муин әл-Фукараның «Китаб-и Муллазадесін» атауға болады. Бұл еңбектерге негізделе отырып, Ш.Маржани оларда Сатұқ Боғра ханның есімдерін кездестіргенін атайды. Бірақ, аты аталған екі еңбекте де Сатұқ Боғра ханға қатысты бірде-бір мәлімет келтірілмейді (Hunkan, 2020: 60). Егер Ш. Маржани Сатұқ Боғра ханның есімін Рашид ад-Диннің шығармасында кездестіргенін атаса, Ахмет ибн Махмұт Муин әл-Фукараның еңбегінен үзіндіні 1102-1130 жылдары билік еткен Арслан хан Мұхаммед ибн Сүлеймен есімді билеушінің ғұмырын сипаттауда келтіреді: «Китаб әл-Муиннің дұрыс, сенуге тұрарлық ескі бір нұсқасында «тафгаж» деп кездеседі. Мервтің [маңындағы] Сус деген туды. Жастық шағы сол жерде өткені айтылады. Жейһуннан Шыңға дейінгі аймақты иеленді. Дұшпандарын жеңді және Бағдадтағы Дар әл-Хилафқа 522/1128 жылы әл-Құсайын Әли әл-Ламашы әл-Ханафи әл-Факихті елші ретінде жіберді. Артынан қалған еңбектері мен қайырымдылықтары бар. Олардың қатарына 521/1127 жылы Бұхара мешітіне қосымша салынған мұнара мен қаладағы ескі рабадтың қайта салынуы да жатады. 509 жылы қайтыс болған және «Намадпуш» деп танылған аш-Шейх Хасан ибн Жүсіп ас-Саманиге үлкен құрмет тұтты. Арслан хан мен күйеу баласы сұлтан Санжар Селжұқи арасында соғыс болды. Арслан ханның әскері жеңілді және келісім жасалынды. Сұлтан Самарқанға кірді және оны (Арслан ханды) Балхқа алып кетті. Бұл 524/1130 жылы болды. 525/1131 жылы сол жерде қайтыс болды. Мервуш-Шахжанға жеткізілді» (Тарихи Муллозада дар Зикри Мазороти Бухоро, 2019: 113, 125; Hunkan, 2020: 84-85).

Қарахан мемлекетінің батыс қанатының билеушісі Ілік хан Насыр ибн Әлидің өмірін сипаттауда Ш. Маржани Фахр ад-Дин Әбу Сүлеймен Дәуіт ибн Мұхаммед Банакатидің «Раузат әули әл-албаб фи ат-тауарих уа әл-ансабы» («Шежірелер мен тарих туралы ғалымдар бағы») еңбегін пайдаланды. Қарахандықтардың Бұхараны жаулап, саманилік Абдүлмәлік ас-Самани есімді билеушіні тұтқындауына қатысты бұл еңбектен үзінді

алған Ш. Маржани өзі қолданған дереккөзге де талдау жасайды: «Тарихи-Банака тиде аталуына байланысты, Ілік хан ибн Насыр Әли Бұхараға кірді және Абдүлмәлік ас-Самани одан қашты. Ілік пен Насыр арасына «ибн» сөзінің жазылуы көшірме жасағанның қатесі» (Hunkan, 2020: 65). Яғни бұл жерде тарихшының тек үзінділерді жинап қана қоймай, мәліметтерге талдау жасап, дұрыстығы мен қателігіне де назар аударғанын көруге болады.

Ежелгі және ортағасыр дәуірінде өмір сүрген көптеген мемлекеттердің саяси тарихын қарастыруда дереккөз бола алатын жазба мәліметтердің жетіспеушілігі жиі байқалады. Зерттеу жұмысының тақырыбы ретінде алынған Қарахан мемлекеті бұған айқын мысал бола алады. Нумизматикалық жәдігерлердің ғылыми айналымға енгізілуі батыстық әлемде ерте кезден басталса да, Қарахан дәуірінде соғылған теңгелерді зерттеу Ресей империясында тек XIX ғасырдың басында қолға алынды. Татар тарихшысы Ш. Маржани да нумизматиканың өткенді зерттеудегі үлкен рөлін бағалап, нумизматикалық жәдігерлердегі мәліметтерді өз еңбектерінде батыл қолдана білді. Мәселен, ол еңбегінің жазылуына дейін бірде-бір тарихи жазба дереккөздерде есімі аталмаған Тига тегін есімді билеушінің атынан соғылған дирхамға тоқталып: «Сайф ад-Даула Әбу Шұжа Хасан ибн әл-Мансұр Тига Тегін хан есімінің барлығы 406 жылы Бұхарада соғылған дирхамдарға негізделген. Қадыр хан қайтыс болғаннан кейін таққа отырған үш ұлының біріне бұл аударманың арналғаны айтылады» деп келтірді (Hunkan, 2020: 77). Кейіннен Қарахан мемлекетінің нумизматикасына қатысты көлемді еңбек жазып кеткен Б.Д. Кочнев бұл дирхамның Арслан хан Мансұр ибн Әлидің ұлы Құсайынға тиесілі екенін жазды (Кочнев, 2006: 170). Нумизматикалық жәдігерлерге негізделе келе Ш. Маржани 411-429 (1020-1037) жылдары Бұхара қаласында Әбу Шұжа`а Ахмет ибн әл-Хасан Ілік Арслан ханның билік еткенін жазды (Hunkan, 2020: 79). Бірақ соңғы уақыттағы зерттеулерге негізделе келе бұл уақытта екі түрлі билеушінің, яғни Ахмет Ілік хан мен Ахмет ибн әл-Хасан есімді билеушілердің болғаны мәлім (Hunkan, 2020: 79). Ресейлік нумизмат Б.Д. Кочнев 411 (1020-1021) жылы Бұхарада Әли ибн Хасан (Әли тегін – авт.) есімінің пайда болғанын айтты (Кочнев, 2006: 175). Ө.С. Хункан Ахмет Ілік ханның Ахмет ибн Мұхаммед ибн Әли, ал Ахмет ибн Хасанның Мұхаммед ибн Хасан мен Әли ибн Хасанның бауыры болғанын жазады (Hunkan, 2020: 79).

Өкінішке қарай, Ш.Маржани өзінің еңбегін жазуда өзіне дейін Ресей империясында осы Қарахан мемлекетінің нумизматикасына қатысты зерттеулер жүргізген шығыстанушылардың еңбектеріне назар аудармады. Мысалы, нумизмат және шығыстанушы Х.Д. Френ Қарахан мемлекеті дәуірінде соғылған теңгелерге алғаш болып зерттеу жүргізіп, 1826 жылы «Numi Muhammedani, qui in Academiae Imperialis Scientiarum Petropolitanae Museo Asiatico Asservantur» («Петрополистері Императорлық Ғылым Академиясының Азиялық мұражайында сақтаулы мұсылмандық теңгелер») атты еңбегінде өзіне белгілі болған дирхамдарға қысқа түрде болса да, мәлімет беріп кеткен еді (Fraehn, 1826: 124-141, 589-594). 1848 жылы тағы бір шығыстанушы К.И. Торнберг Қарахан мемлекеті билеушілеріне қатысты табылған теңгелерге зерттеу жүргізу нәтижесінде «Numi cufici Regii numophylacii holmiensis» еңбегін жарыққа шығарды (Tornberg, 1848: 263-264). Бірақ, Ш. Маржанидің көп жағдайда шығыс тілдерімен жұмыс істеп, орыс тілін нашар, ал латын тілін мүлдем білмеуін ескере кету керек. Латын тілін білмегендіктен Ш. Маржани үшін қарахандық нумизматикаға қатысты осындай еңбектер қолжетімсіз болып қалды. Татар ғұламасы өмір сүрген заманда шығыс елдерінде әлі де болса қарахандық нумизматикаға қатысты көлемді еңбектердің

жазылмауына қарамастан, Ш. Маржани алғаш болып нумизматикалық мәліметтерді өз еңбектерінде қолдануға бел буды.

Қарахан әулеті мен мұсылман улемасы арасындағы қарым-қатынасты алғашқылардың бірі болып жазған Ш. Маржани еді. Ортағасырлық мұсылман әлемінде улеманың мемлекет өміріндегі үлкен ықпалы туралы білген татар тарихшысы қарахандықтардың ішкі саясатындағы улеманың алған орнына қатысты мәліметтерді бір арнаға жинады. Мәселен, Ш. Маржани өзінің еңбегінде Әбу Са'д Әбдүлкәрім ат-Тамими ас-Саманидің «Китаб әл-Ансаб» атты шығармасындағы деректерді пайдаланған. Ол бұл кітаптан Шамс әл-Мүлк Насырдың билігі кезінде жазаға тартылған имам Әбу Ибраһим Исмаил ибн Әбу Насыр ас-Саффар туралы мәліметті өз зерттеуіне енгізген. (Hunkan, 2020: 82). Сонымен қатар аш-Шейхтің Қасым ибн Құтлыбоға атты ханафи факихі мен ғұламаның «Таж ат-Тараджим фи-Табакати-л-ханафиййа» еңбегіне сүйеніп, қаған Шамс әл-Мүлк Насырға қарсы шыққан дін адамы Шамс әл-аймма Мұхаммед ас-Серахсидің түрмеге қамалуын жазды (Hunkan, 2020: 82). «Әл-Джавахир әл-мүдиййа» еңбегіне сүйеніп, Ахмет ибн Сүлеймен ибн Насыр әл-Касани есімді факихтің Тамғаш хан Қадырдың тұсында кади-уль-кудат (жоғарғы сот төрелігі – авт.) қызметін атқарғанын, Тамғаш хан Қадырдан кейін билік құрған Ахмет ханның билігін сипаттауда әл-Касанимен тартысқа түскенін әл-Кураши еңбегіне сүйене жазды (Hunkan, 2020: 81). Әулет-улема тартысына қатысты мәліметтерді бір арнаға жинау арқылы Ш. Маржанидің алғашқылардың бірі болып Қарахан мемлекетінің ішкі саясатына түсініктеме беруі «Гурфат ал-хевакин ли арфати әл-хавакин» шығармасының өзектілігін арттырады.

Ш. Маржани алғаш болып Қарахан мемлекетінде билеушілердің лауазымдары мен атақтарына қатысты зерттеу жүргізді. Мәселен, бұл әулеттен шыққан билеушілердің «қаған» деген лауазымды иеленгенін, билеушілердің арасында «Тамғаш хан», «Ілік хан», «Арслан хан» деген атақтардың кеңінен таралғанын және ханзадалардың бұл атақтарды иеленгенін жазып өтті (Hunkan, 2020: 59-60). Жекелеген жағдайда Қарахан мемлекетінде кездесетін атақтардың мағынасын беруге де тырысты. Мәселен, Шихаб ад-Даула Харун ибн Ілік Боғра хан есімді билеушінің есімінде айтылған «Боғра» атауының «түйе» мағынасын беретіндігін жазды (Hunkan, 2020: 62). Сонымен қатар араб емлесінде «ілік», «тегін» және «табғаш» атақтарының дұрыс жазылуы мен оқылуы туралы ой қозғайды (Hunkan, 2020: 63, 77, 84).

Өзіне белгілі болған барлық дереккөздер мен нумизматикалық жәдігерлерді бір арнаға жинаған Ш. Маржани өз еңбегінің әлі де болса толық еместігін түсінеді. Еңбегінің аяқ жағында ол өзінің еңбегіне талдау жасай отырып, келесідей ой түйеді: «Бұл халықтың (мемлекеттің – авт.) жағдайын бұл еңбекте келтірдім. Оларды бір арнаға жинап, ығы-жығын түзеп, бұл жерде біріктірдім. Құрметті адамдар менің ақталуымды қабылдап, қателіктерімді кешіреді деп сенемін. Себебі бұл тақырыпқа қол астымда өзіме тірек болатын бір кітап жоқ. Бұны бұрын жинаған жазбаларымнан жинадым» (Газиз, 2001: 136; Hunkan, 2020: 88-89).

Нәтижелер

Нәтижесінде Қарахан әулеті тарихына байланысты бүгінгі таңда жаңа ортағасырлық дереккөздер мен нумизматикалық жәдігерлердің енгізілуіне байланысты Қарахан мемлекеті тарихына қатысты алғашқы көлемді еңбек ретінде көрсетілген Ш. Маржанидің еңбегін қайта қарап, ғылыми айналымға енгізілуіне деген қажеттіліктің бар екендігі анық. Отан тарихының құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылатын

Қарахан мемлекетінің саяси және мәдени тарихы, мемлекеттік құрылымы, Орта Азиядағы түркі-мұсылман кезеңінде аймақ тарихында белсенді болған бұл әулеттің тарихына қатысты дереккөздерді саралай отырып, оны жандандыруда бұл мемлекеттің алатын орнының және әулет тарихына қатысты Ш. Маржанидің еңбегінің өте маңызды екендігін аңғаруға болады. Келтірілген ғылыми зерттеуде ұзақ уақыт бойы тарихшы-зерттеушілердің назарынан тыс қалған, бүгінгі таңға дейін жеткілікті мөлшерде ғылыми зерттеу жүргізілмеген Ш.Маржанидің еңбегіне көңіл бөлінді. Ш. Маржани «Гурфат ал-хевакин ли арфати әл-хавакин» еңбегін аяқтаған кезде Қарахандарға қатысты жүргізілген зерттеулердің ерекшеліктері мен кемшіліктері сипатталған. Сонымен қатар, еңбекті жазу барысында Ш. Маржани пайдаланған дереккөздер жан-жақты талданып, мазмұнына талдау жасалған. Шығарманың өз заманында жазбаша дереккөздер мен нумизматикалық жәдігерлерге де арқа сүйеп, әулеттің саяси тарихына қатысты жазылған зерттеу жұмысы ретінде қарастырылуы талқыланды.

Қорытынды

Зерттеу жұмысы барысында Ш. Маржанидің Қарахан мемлекетіне қатысты жазған еңбегінің дерекнамалық базасы, автордың қарахандық билеушілердің билігін сипаттауда ортағасырлық жазбаша дереккөздер мен нумизматикалық жәдігерлерді қолдануы сипатталды және талданды. «Гурфат ал-хевакин ли арфати ал-хавакинге» талдау жасалынған бұл зерттеу жұмысы нәтижесінде келесідей қорытындылар жасауға болады. Ш. Маржани алғаш болып Қарахан мемлекетіне қатысты тарихи дереккөздер мен нумизматикалық жәдігерлерді саралап, олардағы мәліметтер негізінде Қарахан мемлекетінің тарихын сипаттаған зерттеуші болып табылады. Орта Азияға білім сапары кезінде Ш. Маржани жинап алған мәліметтердің көбісінің ғылыми айналымға енгізілуіне себепкер болды. Батыстық ғалымдар тарапынан Қарахан мемлекетіне қатысты ең маңызды дереккөз болған Ибн әл-Асирдің еңбегінен бөлек Ш. Маржани бұл әулеттің тарихына қатысты әл-Утбидің, Ибн Халиканның, Шабангерейдің, Мирхондтың, Банакатидің және т.б. авторлардың еңбектерін пайдаланды. В.В. Бартольд еңбегінің ғылыми айналымға енгізілуіне дейін Ш. Маржанидің еңбегі X-XII ғасырлардағы Орта Азия тарихына қатысты ең маңызды зерттеу болды. Екіншіден, Ш. Маржани еңбегінде алғашқы рет Қарахан әулеті мүшелері мен Орта Азиядағы мұсылман улемасымен қарым-қатынасын баяндайтын мәліметтерді тауып, бұл мемлекеттің ішкі саясатындағы діни элементтердің орнын сипаттауға септігін тигізді. Ортағасырлық дереккөздерге негізделген бұл мәліметтер «билеуші әулет» пен «діни басқарма» арасындағы байланыстарды қарастыруға мүмкіндік береді. Отандық тарихнамада өзінің толыққанды зерттелуін қажет ететін Қарахан әулеті тарихын зерттеуде таптырмас құнды дереккөз ретінде саналатын Ш. Маржанидің бұл еңбегі әлі де болса қосалқы ізденістер мен зерттеулерді талап етеді және болашақта еңбектің қазақ тіліне аударылуын қажет етеді.

Әдебиеттер

Бартольд В.В., 1963. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Том I. Москва: Издательство Восточной литературы. 760 с.

Валиханов Ч.Ч., 1985а. Собрание сочинений в пяти томах. Том 3. Алма-Ата. Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 416 с.

Валиханов Ч.Ч., 1985б. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. Алма-Ата. Главная редакция Казахской советской энциклопедии. 461 с.

Верность предшественникам и приветствие потомкам: Перевод с арабского избранных биографий, исследование, комментарии, факсимиле разделов о Волго-Уральском регионе, 2022. Казань: Магариф-Вақыт. 856 с.

Григорьев В.В., 1863. Неизданные монеты уйгурских владельцев Мавераннагра. Ученые записки Казанского университета. Казань: Типография Университета. С. 1-14.

Григорьев В.В., 1873. Восточный или Китайский Туркестан. СПб. 580 с.

Григорьев В.В., 1883. Караханиды в Мавераннагре по Тарихи Мунедджим Баши. Туркестанский сборник сочинений и статей, относящихся до Средней Азии вообще и Туркестанского края в особенности. СПб. С. 1-70.

Газиз Г., 2001. Мәржанинең голум (гыйлемнәр), фәнун (фәннәр) вә санаигька (сәнгать – һәнәрләрғә) карашы. Мәржани. 2001. С. 122-153.

Извлечение вестей о состоянии Казани и Булгара (Мустафад ал-ахбар фи ахвали Казан ва Булгар), 2005. Часть I. Казань: Издательство «ФЭН» АН РТ. 255 с.

Кочнев Б.Д., 2006. Нумизматическая история Караханидского каганата (991-1209 гг.). Часть I. Источниковедческое исследование. Москва: Еуразия. 314 с.

Марджани Ш., 1884. Гилалат аз-заман фи-тарихи Булгар уа Казан. Труды Четвертого Археологического съезда в России, бывшего в Казани с 31 июля по 18 августа 1877 года. Казань: Типография Императорского Университета. 652 с.

Махаева А.Ш., Әлімжанов Е.А., 2020. Маржани – тағлымы мол тарихшы. Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы. №2 (65). 640-644 б.

Мөстәфадел-әхбар фи әхвали Казан вә Болгар (Казан һәм Болгар хәлләре турында файдаланылган хибәрләр), 1989. Кыскартып төзелде., Казан: Татар. кит. нәшр. 415 бит.

Рүстемов С.К., 2024. Тарихтың қоғамдағы орны мен методологиясы мәселелерінің Ш.Маржани еңбектерінде көрініс табуы хақында. Тарихшы-ғалым Сәулебек Керімбекұлы Рүстемов: ғылыми мұрасы. Алматы: «KEMEL-KITAP» баспасы. 331-340 б.

Салихов А.Г., 2001. Научная деятельность А.Валидова в России. Уфа: Гилем. 164 с.

Тарихи Муллозода дар Зикри Мазороти Бухоро. Форс тилидан таржима, муқаддима, тадқиқ, изоҳлар, иловалар муаллифи ва нашрга тайёрловчи: Комилжон Раҳимов. Ташкент: «Фан» нашриёти. 216 б.

Тимохин Д.М., 2021. Упоминания титулатуры тюркских правителей при описании истории Газневидов в «Таба'и' ал-Хаййаван» ал-Марвази. Российско-азиатский правовой журнал. №3. С. 60-65.

Юсупов М.Х., 1981. Шигабутдин Марджани как историк. Казань: Татарское книжное издательство. 233 с.

Biran, M., 2005. The Empire of the Qara Khitai in Eurasian History: Between China and the Islamic World. Cambridge: Cambridge University Press. 279 p.

Guignes J.de., 2018. Hunların, Türklerin, Moğolların ve daha sair batı tatarlarının Tarih-i Umumisi. Cilt I. İstanbul: Ötüken. 719 s.

Guignes J.de., 2018. Hunların, Türklerin, Moğolların ve daha sair batı tatarlarının Tarih-i Umumisi. Cilt II. İstanbul: Ötüken. 760 s.

Guignes J.de., 2018. Hunların, Türklerin, Moğolların ve daha sair batı tatarlarının Tarih-i Umumisi. Cilt III. İstanbul: Ötüken. 768 s.

Fraehn Ch.M., 1826. Numi Muhammedani, qui in Academiae Imperialis Scientiarum Petropolitanae Museo Asiatico Asservantur, Vol. 1. Petropoli: Litteris Academicis. 743 p.

Hunkan Ö.S. 2010. Türk Hakanlığı (Karahanlılar)'nda Hanedan ve Bürokrat-Ülema çatışması: ilk bürokrat-ulema ihtilali. XV. Türk Tarih Kongresi. Cilt 3. 2010. s. 653-66.

Hunkan Ö.S. 2016. Türk Hakanlığı (Karahanlılar)'nın Dinî Siyaseti'nde Mâtürîdî Âlimlerin Rolü. Trakya Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi. Cilt 18 (Sayı 2). s. 377-393.

Hunkan Ö.S., 2020. Kazanlı Türk Bilgini Şehabeddin Mercani ve Gurfetü'l-Hevakin li Urfeti'l-Havakin'e göre Satuk Buğra han ve oğulları (921-1212). İstanbul: Bilge. 136 s.

Ibn Khallikan's Biographical Dictionary, 1843. Translated from the Arabic be Mac Guskin de Slane. Volume I. 688 p.

Ibn Khallikan's Biographical Dictionary, 1868. Translated from the Arabic be Mac Guskin de Slane. Volume III. 699 p.

Kitab-I Yamini, 1858. Historical memoirs of the Amir Sabaktagin, and the Sultan Mahmud of Ghazna. London: The Oriental Translation Fund of Great Britain and Ireland. 511 p.

Klaproth J.H., 1826. Tableaux historiques de L'Asie. Paris, Schubart. 289 p.

Müstefadü'l-Ahbar fi ahval-i Kazan ve Bulgar, 2008. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi. 347 s.

Pritsak O., 1997. Karahanlılar. İslam Ansiklopedisi, Cilt VI. İstanbul: Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları. 251-273 s.

Sharaf al-Zaman Tahir Marvazi on China, the Turcs and India, 1942. London: The Royal Asiatic society. 112 p.

Shaw R.B., 1878. A sketch of the Turkic Language as spoken in Eastern Turkistan. Calcutta: Printed be C.B. Lewis. 109 p.

Tornberg C.J., 1848. Numi cufici Regii numophylacii holmiensis, quos omnes in terra sueciae repertos. Upsaliae: Excudesant Leffler ed Sksell. 315 p.

References

Bartold V.V., 1963. Turkestan v epohu mongolskogo nashestvia [Turkestan Down to the Mongol Invasion]. Tom I. Moskva: İzdatelstvo Vostochnoi literatury. 760 p. [in Russian]

Valihanov Ch.Ch., 1985a. Sobranie sochineni v pyati tomah [Collected Works in Five Volumes]. Tom 3. Alma-Ata. Glavnaia redaksia Kazahskoi sovetskoi ensiklopedii. 416 p. [in Russian]

Valihanov Ch.Ch., 1985b. Sobranie sochineni v pyati tomah [Collected Works in Five Volumes]. Tom 4. Alma-Ata. Glavnaia redaksia Kazahskoi sovetskoi ensiklopedii. 461 p. [in Russian]

Vernost' predshestvennikam I privetstviye potomkam: Perevod s arabskogo izbrannyh biografii, issledovanie, kommentarii, facsimile razdelov o Volgo-Ural'skom regione [Loyalty to predecessors and greetings to descendants: Translation from Arabic of selected biographies, research, commentary, facsimile of sections on the Volga-Ural region], 2022. Kazan: Magarif-Vakyt. 856 p. [In Russian].

Grigoriev V.V., 1863. Neizdannye monety uigurskih vladel'cev Maverannahra [Unissued coins of the Uyghur rulers of Maverannahr], Uchenye zapisi Kazanskogo universiteta [Scientific notes of Kazan University]. Kazan: Tipografiya Universiteta. P. 1-14. [in Russian].

Grigoriev V.V., 1873. Vostochniy ili Kitayskiy Turkestan [Eastern or Chinese Turkestan]. SPb. 580 p. [in Russian].

Grigoriev V.V., 1883. Karahanidy v Maverannahre po Tarihi Muneddjim Bashi [Qarakhanids in Maverannahr by Tarihi Munejjim Bashi]. Turkestanskiy sbornik sochinenii i statey otnosyashihsya do Sredney Azii voobshe i Turkestanskogo kraya v sobstvennosti [Turkestan collection of works and articles related to Central Asia in general and the Turkestan region in particular]. SPb. P. 1-70. [in Russian].

Gaziz G., 2001. Mardjaninen golum (gyilemnar), fanun (fannar) va sanaigka (sangatanarlarga) karashy [Mardjani's views on knowledge, science and art]. Mardjani. 2001. P. 122-153. [in Tatar].

Izвлечение vestey o sostoyanii Kazani i Bulgara (Mustafad al-ahbar fi ahvali Kazan va Bulgar) [Extraction of news about the state of Kazan and Bulgar], 2005. Chast' I., Kazank: Izdatelstvo «FEN» AN RT. 255 p. [in Russian].

Kochnev B.D., 2006. Numizmaticheskaya istoria Karahanidskogo kaganata (991-1209 gg.). Chast I. Istochnikovedcheskoe issledovanie. [Numismatic history of the Qarakhanid Khaganate (991-1209). Part I. Source study]. Moskva: Evrazia. 314 p. [in Russian].

Mardjani Sh., 1884. Gilalat az-zaman fi-tarihi Bulgar va Kazan [The veil of time covering the history of Bolgar and Kazan]. Trudy Chetvertogo Arheologicheskogo s'ezda v Rossii, byvshego v Kazani s 31 yiula po 18 avgusta 1877 goda. Kazan: Tipografia Imperatorskogo Universiteta [Proceedings of the Fourth Archaeological Congress in Russia, held in Kazan from July 31 to August 18, 1877]. 652 p. [in Russian].

Mahayeva A.Sh., Alimzhanov E.A., 2020. Mardjani – taglimi mol tarihshi [Mardjani – distinguished historian]. Abay atindagy KazUPU. Habarshi [KazNPU named after Abai. Bulletin]. №2 (65). P. 640-644. [in Kazakh].

Mostafadel-ahbar fi ahvali Kazan va Bolgar (Kazan va Bolgar hallare turynda faydalanylgan hibarlar). Kyskartyp tozelde. [Extraction of news about the state of Kazan and Bulgar. In abbreviated form], 1989. Kazan: Tatar.kit.nashr. 415 p. [in Tatar].

Rustemov S.K., 2024. Tarihtyn kogamdagy orny men metodologiyasy maselelerinin Sh.Mardjani enbekterinde korinis tabuy hakynda [On the reflection of the issues of the role and methodology of history in society in the works of Sh. Marjani]. Tarihshi-galim Saulebek Kerimbekuly Rustemov: gylimi murasy [Historian-scientist Saulebek Kerimbekuly Rustemov: scientific heritage]. Almaty: «KEMEL-KITAP» baspasy. P. 331-340. [in Kazakh].

Salihov A.G., 2001. Nauchnaya deyatelnost' A.Validova v Rossii [Scientific activity of A. Validov in Russia]. Ufa: Gilem. 164 p. [in Russian].

Tarihi Mullozoda dar Zikri Mazoroti Buhoro [Mullazode's historical book about the tombs of Bukhara], 2019. Fors tilidan tarjima, muqaddima, tadqiq, izoxlar, ilovalar muallifi va nasrga taiorlovchi: Komiljon Raximov. Tashkent: «Fan» nashrieti. 216 p. [in Uzbek].

Timohin D.M., 2021. Upominaniya titulatury turkskih pravitelei pri opisanii istorii Gaznevidov v “Taba’i’ al-Hayyavan” al Marvazi. Rossiysko-aziatskiy pravovoy jurnal [References to the title of the Turkic rulers when describing the history of the Ghaznavids in “Taba’l’al-Hayyawan” by al-Marvazi]. Rossiisko aziatskii pravovoi jurnal [Russian-Asian Law Journal]. №3. P. 60-65. [in Russian].

Yusupov M.H., 1981. Shigabutdin Mardjani kak istorik [Shigabutdin Mardjani as a historian]. Kazan: Tatarskoe knizhnoe izdatelstvo. 233 p. [in Russian].

Biran, M., 2005. The Empire of the Qara Khitai in Eurasian History: Between China and the Islamic World. Cambridge: Cambridge University Press. 279 p.

Guignes J.de., 2018. Hunların, Türklerin, Moğolların ve daha sair batı tatarlarının Tarih-i Umumisi [General history of the Huns, Turks, Mongols, and other Western Tartars]. Volume I. İstanbul: Ötüken. 719 p. [in Turkish].

Guignes J.de., 2018. Hunların, Türklerin, Moğolların ve daha sair batı tatarlarının Tarih-i Umumisi. [General history of the Huns, Turks, Mongols, and other Western Tartars]. Volume II. İstanbul: Ötüken. 760 p. [in Turkish].

Guignes J.de., 2018. Hunların, Türklerin, Moğolların ve daha sair batı tatarlarının Tarih-i Umumisi. [General history of the Huns, Turks, Mongols, and other Western Tartars]. Volume III. İstanbul: Ötüken. 768 p. [in Turkish].

Fraehn Ch.M., 1826. Numi Muhammedani, qui in Academiae Imperialis Scientiarum Petropolitanae Museo Asiatico Asservantur [Muhammedan Numis, which are preserved in the Asiatic Museum of the Imperial Academy of Sciences of Petropoli], Vol. 1. Petropoli: Litteris Academicis. 743 p. [in Latin].

Hunkan Ö.S., 2010. Türk Hakanlığı (Karahanlılar)'nda Hanedan ve Bürokrat-Ülema çatışması: ilk bürokrat-ulema ihtilali [The Dynasty and the Bureaucrat-Ulema Conflict in the Turkic Khaganate (Karakhanids): The First Bureaucrat-Ulema Revolution]. XV. Türk Tarih Kongresi [XV. Turkish History Congress]. Cilt 3. P. 653-66. [in Turkish].

Hunkan Ö.S., 2016. Türk Hakanlığı (Karahanlılar)'nın Dinî Siyaseti'nde Mâturîdî Âlimlerin Rolü [The Role of Maturidi Scholars in the Religious Policy of the Turkic Khaganate (Karakhanids)]. Trakya Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi [Trakya University Journal of Social Sciences]. Cilt 18 (Sayı 2). pp. 377-393. [in Turkish].

Hunkan Ö.S., 2020. Kazanlı Türk Bilgini Şehabeddin Mercani ve Gurfetü'l-Hevakin li Urfeti'l-Havakin'e göre Satuk Buğra han ve oğulları (921-1212) [Satuk Buğra Khan and his sons according to Kazan Turkish Scholar Şehabeddin Mercani and Gurfetü'l-Hevakin li Urfeti'l-Havakin (921-1212)]. İstanbul: Bilge. 136 p. [in Turkish].

Ibn Khallikan's Biographical Dictionary, 1843. Translated from the Arabic be Mac Guskin de Slane. Volume I. 688 p.

Ibn Khallikan's Biographical Dictionary, 1868. Translated from the Arabic be Mac Guskin de Slane. Volume III. 699 p.

